

МУХАММАД ПАЙҒАМБАРДЫҢ ЫҚШАМДАЛҒАН ӨМІРБАЯНЫ ЖӘНЕ СИПАТТАМАСЫ

صَلَّى اللَّهُ
عَلَيْهِ
وَسَلَّمَ



هَيْفَرُكَان

Сатуға болмайды

المُخْتَصَرُ الْمُفِيدُ
لِسِيرَةِ النَّبِيِّ ﷺ وَشَمَائِلِهِ
بِلُغَةِ الْقَزَاقِيَّةِ
الْمُرْجَمُ طَلَعَتْ أَبُو عَلِي

ХАЙСАМ ИБН МУХАММАД САРХАН

<http://www.alsarhaan.com>

Хайсам ибн Мухаммад Сархан

МУХАММАД
ПАЙҒАМБАРДЫҢ
ЫҚШАМДАЛҒАН
ӨМІРБАЯНЫ
ЖӘНЕ СИПАТТАМАСЫ

Бірінші басылым

Мұсылмандардың ортақ мүлкі
Сатуға болмайды

1446/2024

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

КІРІСПЕ

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен
Біз Оны ғана мақтап-мадақтайтын және Одан ғана көмек тілейтін Аллаһ Тағалаға бүкіл мақтаулар болсын. Нәпсілеріміздің жамандығынан және жаман істеріміздің кесірінен Аллаһтан пана тілейміз. Аллаһ Тағала кімді тура жолға салса, оны ешкім адастыра алмайды. Ал Аллаһ кімді Өзінің қолдауынсыз қалдырса, оны ешкім тура жолға сала алмайды. Мен Аллаһтан басқа құлшыққа лайықты ешбір құдай жоқ екеніне және Мухаммад Оның құлы әрі Елшісі екеніне күәлік беремін.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا اتَّقُوا اللَّهَ حَقَّ تُقَاتِهِ وَلَا تَمُوتُنَّ إِلَّا وَأَنتُمْ

مُسْلِمُونَ﴾ [آل عمران: ١٠٢]

«Әй иман келтіргендер! Аллаһтан шынайы қорқумен қорқыңдар да, мұсылман болған күйде ғана өліңдер» («Әли-Имран» сүресі, 102-аят).

﴿يَا أَيُّهَا النَّاسُ اتَّقُوا رَبَّكُمُ الَّذِي خَلَقَكُمْ مِنْ نَفْسٍ وَاحِدَةٍ وَخَلَقَ

مِنْهَا زَوْجَهَا وَبَثَّ مِنْهُمَا رِجَالًا كَثِيرًا وَنِسَاءً وَاتَّقُوا اللَّهَ الَّذِي

تَسَاءَلُونَ بِهِ وَالْأَرْحَامَ إِنَّ اللَّهَ كَانَ عَلَيْكُمْ رَقِيبًا﴾ [النساء: ١]

«Әй адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер мен әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар. Сол арқылы өзара сұрасатын

Аллаһтан және туыстық қатынасты үзуден сақтаныңдар. Шәксіз, Аллаһ сендерді бақылаушы» («ән-Ниса» сүресі, 1-аят).

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا اتَّقُوا اللَّهَ وَقُولُوا قَوْلًا سَدِيدًا﴾ [الأحزاب: ٧٠]

«Әй иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар да, дұрыс сөз сөйлеңдер» («әл-Ахзаб» сүресі, 70-аят).

Ал содан соң:

Бұл шағын еңбек өз пайғамбары, оның өмірі мен жолы туралы білгісі келетін кез-келген адам үшін маңызды. Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахым етсін) былай деген: «Пенденің екі дүниедегі бақыты Пайғамбарымыздың ﷺ басшылығымен байланысты болғандықтан, өзі үшін жақсылықты, құтылуды және бақытты қалайтын кез келген адамға Пайғамбарымыздың ﷺ өмірі мен басшылығы жайлы біліп, осы арқылы ол туралы білмейтіндердің қатарынан шығып, оған ілескендер мен жақтасқандардың қатырында болу міндетті болып табылады. Адамдар бұл мәселеде үш топқа бөлінеді: аз білгісі келгендер, көп білгісі келгендер және бұдан құр қалғандар. Ал бүкіл жомарттық Аллаһтың қолында әрі Ол оны қалағанына береді, өйткені Аллаһ ұлы жомарттық Иесі».

Аллаһ Тағаладан Ол мені де, сіздерді де Пайғамбарды ﷺ жақсы көріп, оның бұйырғанына бағынып, оның тыйған және сақтандырған нәрселерінен аулақ болатындардан етуін сұраймын.

Уа Аллаһ! Сен Ибраһим мен Ибраһимның отбасына игілік еткендей Мухаммад пен Мухаммадтың отбасына игілік нәсіп ет, және Ибраһим мен Ибраһимның отбасына береке бергендей Мухаммад пен Мухаммадың отбасына береке бер. Расында, Сен — аса Мақтаулы, Игісің. Әлемдердің Раббысы Аллаһ Тағалаға бүкіл мақтаулар болсын.

БІРІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ﷺ ЖЕКЕ ҚАСИЕТТЕРІ МЕН БАСШЫЛЫҒЫ



Пайғамбарымыздың ﷺ жеке қасиеттері

Оның шығу тегі: Ол — Мухаммад ибн АбдуЛлаһ ибн Абд әл-Мутталиб ибн Хашим ибн Абд әл-Манаф ибн Қусай ибн Киләб ибн Мурра ибн Кағб ибн Луай ибн Ғалиб ибн Фихр ибн Мәлик ибн Надр ибн Кинана ибн Хузайма ибн Мудрика ибн Илияс ибн Мудар ибн Низар ибн Мағад ибн Аднан.

مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَبْدِ الْمُطَّلِبِ بْنِ هَاشِمٍ بْنِ عَبْدِ مَنَافٍ بْنِ قُصَيٍّ بْنِ كِلَابٍ
بْنِ مِرَّةَ بْنِ كَعْبٍ بْنِ لُؤَيٍّ بْنِ غَالِبٍ بْنِ فِهْرٍ بْنِ مَالِكٍ بْنِ النَّضْرِ بْنِ كِنَانَةَ بْنِ
خُزَيْمَةَ بْنِ مُدْرِكَةَ بْنِ إِيَّاسٍ بْنِ مُضَرَ بْنِ نَزَارٍ بْنِ مَعَدٍّ بْنِ عَدْنَانَ.

Аднан — Ибраһим пайғамбардың құрбандыққа шалуға бұйырылған ұлы Исмаилдың ұрпағынан болған.

Оның шежіресі адамдардың арасындағы ең жақсы шежіре. Рим патшасы Ираклийдің Абу Суфиянға былай деп айтқан хадисі келтіріледі: *«Мен сенен оның шығу тегі жайлы сұрадым және сен оның текті рудан екендігін айттың. (Бұрын болған) пайғамбарлардың барлығы өз халықтарының текті руларынан шыққан еді».*

Пайғамбарымыздың ﷺ ардақтылығы: Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: **«Расында, Аллаһ Тағала Исмаил ұлдарынан Кинанды таңдады, кейін Кинан ұрпағынан құрайыштықтарды таңдады, құрайыштықтардан Хашим руын таңдады, ал Хашим руынан мені таңдады».**

Пайғамбарымыздың ﷺ есімдері

Пайғамбарымыздың ﷺ есімдері басқа адамдардың есімдері секілді емес, олар оның сипаты болып табылады. Өйткені бұл есімдер оның бойындағы мақтаулы әрі кемел қасиеттерден туындаған.

Мухаммад — бұл Пайғамбарымыздың ﷺ ең танымал есімі және ол анық түрде Тауратта келтірілген. Бұл есімнің мағынасы — көптеген мақтаулы қасиеттердің иесі.

Ахмад — бұл есімнің мағынасы — Аллаһтың жаратылыстарының ішіндегі ең мақтаулысы. Оны көптеген мақтаулы қасиеттері үшін көктер және жердің, осы дүние мен мәңгілік дүниенің тұрғындары мадақтайды. Пайғамбарымызды ﷺ бұл есіммен Иса пайғамбар (оған Аллаһтың сәлемі болсын) атаған болатын.

Мутәуәккил — бұл есім «Тәуекел етуші» деген мағынаға ие. Ол бұл есіммен Ислам діні талап еткен амалдарды орындауда Аллаһ Тағалаға ешкім тәуекел етпегендей тәуекел еткендігі үшін аталған.

Әл-Мәһи — Ол ﷻ Аллаһ Тағала ол арқылы күпірлікті жойған адам және күпірлік ешкім арқылы ол арқылы жойылғандай етіп жойылмаған еді.

Әл-Хашир — Ол ﷻ адамдар оның аяғының жанында жиналатын адам және де ол адамдарды жинау үшін жіберілген.

Әл-Ғақиб — Ол ﷻ одан кейін ешбір пайғамбар келмейтін пайғамбарлардың мөрі болып табылады.

Әл-Муқаффи — Ол ﷻ өзінен бұрынғы пайғамбарлар мен елшілердің жолына еруші. Сондықтан да Аллаһ Тағала Пайғамбарымызды ﷻ олардың мұрагері еткен.

Нәби әт-Тәуба — Аллаһ Тағала ол арқылы жер тұрғындары үшін тәубе есігін ашқан және Аллаһ олардың тәубелерін бұдан бұрын болмағандай үлгіде қабыл еткен Тәубе пайғамбары. Пайғамбарымыз ﷻ адамдардың ішіндегі Аллаһтан ең көп кешірім сұрап, тәубе етіп жалбарынатын адам болатын.

Нәби әл-Мәлхама — Ол ﷻ Аллаһтың жауларымен соғысу үшін жіберілген пайғамбар. Ешбір пайғамбар Аллаһтың Елшісі ﷻ өзінің үмметімен бірге жиһад жасағандай етіп жиһад жасамаған және одан бұрын мұндай ұлы шайқастар болмаған.

Нәби әр-Рахма — Аллаһ Тағала Оны ﷻ әлемдер үшін мейірім ретінде жіберіп, оларға өз мейірімін танытқан. Иман келтіргендерге келсек, олар бұл мейірімге толыққанды қол жеткізген адамдар. Ал кәпірлер жайлы айтсақ, Кітап иелері оның көлеңкесінің, мейірімі мен келісімінің астында өмір сүрген.

Әл-Фатих — Аллаһ Тағала Пайғамбарымыз ﷻ арқылы шынайы тура жол қақпаларын олар шайқалғаннан кейін ашқан. Аллаһ Тағала ол арқылы соқырлардың көзін, керектердің құлағын және тұйық жүректерді ашты. Сондай-ақ Аллаһ Тағала ол арқылы кәпірлердің елдерін, Жәннат есіктерін және пайдалы білім мен ізгі амалдар есіктерін ашты.

Әл-Әмин — Пайғамбарымыз ﷺ осы атпен аталғандардың ең лайықтысы. Пайғамбарымыз — Аллаһ Тағала оған уахиді және иманды жеткізуді сеніп тапсырған адам. Ол көктер мен жер тұрғындарының ішіндегі ең сенімдісі. Тіпті кәпір құрайыштықтар ол елші ретінде жіберілгеннен бұрын да оны сенімге лайықты Өте Сенімді (әл-Әмин) деп атаған.

Әл-Башир — Пайғамбарымыз ﷺ — өзіне бойұсынғандарды ұлы сыймен сүйіншілеген және оған бағынбағандарды ұлы жазамен қорқытып ескерткен адам.

Сайиду уәләди Адам — Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: *«Мен — Қиямет күні Адам баласының мырзасымын және мен мұны мақтау үшін айтып тұрған жоқпын».*

Әс-Сираж әл-Мунир — Ол жанбай, нұрмен жарық сыйлаушы.

Ол ﷺ — **АбдуЛлаһ**, яғни аса табанды құлшылықпен ерекшеленген Аллаһтың құлы.

Пайғамбарымыздың ﷺ жалпы сипаттамасы

Пайғамбарымыздың ﷺ ең кәміл сипаттамасын, оның өзі беріп, өзі жайлы былай деген: *«Мен — Мухаммад, Аллаһтың құлы және Оның Елшісімін. Және мен (адамдардың мені) Аллаһ бекіткен мәртебеден жоғары етуін қаламаймын».*

Ол ﷺ адами және мінез-құлық қасиеттері бойынша ең жақсы адам болған. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَإِنَّكَ لَعَلَىٰ خُلُقٍ عَظِيمٍ﴾ [القلم: ٤]

«Расында, сен ұлы мінез-құлыққа иесің» («әл-Қаләм» сүресі, 4-аят).

Сондай-ақ Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «Оның мінезі Құран болған». Ол Құран бойынша өмір сүрген және ондағы шектерді ешқашан бұзбаған. Ол Құранға сәйкес келетін нәрселерге разы болып, оған қайшы келетін нәрселеге ашу білдіретін.

Халилу-Ллаһ — Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «**Расында Аллаһ Ибраһимді өзінің Халилы (ең сүйіктісі) еткендей мені де Өзінің Халилы (ең сүйіктісі) етті.**

Оның сыртқы бейнесі

Оның ардақты денесі: Әнас ибн Мәлик былай деген: «Аллаһ Елшісінің ﷺ жүзі ақ және жарқын болған, ал одан аққан тер тамшылары маржандар секілді еді. Ол жүрген кезде (кішкене оңға және солға қарай) иіле жүретін. Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ алақанынан асқан жұмсақтау дибаж да, жібек те ұстамағанмын, сондай-ақ мен Аллаһ Елшісінің ﷺ иісінен асқан жағымдырақ миск те, амбра да иіскеген емеспін».

Оның бойы: Әл-Бара ибн Азиб былай деген: «Аллаһтың Елшісі ﷺ орта бойлы, кең иықты болған, ал оның шаштары құлақ сырғалықтарына дейін жететін. (Бірде мен оны) қызыл түсті киімде көрдім және мен одан әдемі-көрікті ешкімді көрмегенмін».

Оның жүзі: Кағб ибн Мәлик былай деген: «Бірде мен Аллаһ Елшісіне ﷺ сәлем бергенімде оның жүзі қуаныштан жарқырап тұрған еді. Аллаһ Елшісін ﷺ бірдеңе қуантқанда, оның жүзі жарқырап, айдың бөлігіндей болатын әрі біз мұны оның жүзінен байқайтынбыз».

Әл-Бара есімді сахабадан бірде адамдар: «Пайғамбарымыздың ﷺ жүзі қылышқа ұқсаған (болат жылтыр әдемі) еді ме?», — деп сұрады. Ол: «Жоқ, керісінше, ол ай секілді (нұрлы әдемі) еді», — деп жауап берді.

Әнас ибн Мәлик былай деген: «Пайғамбарымыздың ﷺ алақандары үлкен болатын және мен одан кейін оған ұқсас ешкімді көрмегенмін. Оның шашы қатты бұйра да емес және тік те емес еді».

Оның көздері: Жәбир ибн Самура былай деген: «Аллаһ Елшісінің ﷺ аузы үлкен, көздерінің ақтықтарында кішігірім қызару, ал өкшесінде ет аз болатын».

Оның терінің хош иісті болуы: Әнас ибн Мәлик былай деген: «Бірде Пайғамбарымыз ﷺ бізге күндіз келіп, ұйқыға жатып, терледі. Сонда менің анам оған ыдыспен жақындап, оның терін жинай бастады. Пайғамбарымыз ﷺ оянып кетіп: «**Уа Умм Суләйм! Не істеп жатырсың?**», — деді. Сонда ол: «Бұл сіздің теріңіз, біз оны өзіміздің әтірлерімізге қосамыз, өйткені оның өзі хош иісті әтір», — деп жауап берді».

Пайғамбарлық мөр: Пайғамбарымыздың ﷺ арқасында иықтарының арасында қалға ұқсас пайғамбарлық мөр анық көрінетін.

Жәбир ибн Самураның былай дегені жеткізіледі: «Мен оның жауырынында (көлемі) көгершіннің жұмыртқасындай және келбетімен оның денесіне ұқсайтын пайғамбарлық мөр көргенмін».

Оның ұлы адамгершілік қасиеттері

Оның сахабалары оны қалай құрметтеген: Амр ибн әл-Ас былай деген: «Мен Аллаһ Елшісінен ﷺ артық ешкімді жақсы көрмегенмін және ешкімді одан жоғары қоймағанмын. Мен оны ардақтағаным соншалық, тіпті оған тік қарай алмайтынмын, ал егер біреу менен оны сипаттауды талап етсе, мен бұны жасай алмайтын едім, өйткені мен оған ешқашан ұзақ (тігіліп) қарамағанмын».

Гуруа ибн Масғуд әс-Сақафи Худайбия күні Аллаһ Елшісін ﷺ құрайыштықтарға сипаттағанда былай деген

еді: «Аллаһпен ант етемін, мен әлдебір патшаны қасындағы адамдары Мухаммадтың серіктері Мухаммадты ардақтағандай етіп ардақтағанын көрмегенмін. Аллаһпен ант етемін, егер ол түкірсе және оның түкірігі әлдебір адамның алақанына келіп тисе, бұл адам міндетті түрде оны өзінің бетіне және денесіне жағады. Ол ﷺ сахабаларына бірдеңе әмір етсе, олар оның әмірін дереу орындауға асығады, ол дәрет алған кезде олар одан қалған суға тала-сып, бір-бірімен шайқасуға дайын болады, ал егер ол сөйлесе, олар оның алдында үнсіз тұрады. Олар оған ерекше құрмет көрсетіп, оған тіпті тік қарамайды».

Оның Аллаһ Тағалаға қатысты әдебі: АбдуЛлах ибн әш-Шиххир былай баяндайтын: «Біз — Аллаһтың Елшісіне ﷺ: «Сіз — біздің мырзамызсыз!», — деп айттық. Сонда ол ﷺ: «Шынайы Мырза — аса Игі Аллаһ Тағала», — деп жауап берді. Сонда біз: «Уа біздің арамыздағы ең лайықты және ең ұлы!», — дедік. Ал Пайғамбарымыз ﷺ: «Сөздеріңді айтыңдар, алайда шайтан сендерді арбап алмауы үшін, сөйлегендеріңде абай болыңдар», — деп айтты».

Оның ержүректілігі: Али ибн Абу Талиб былай деген: «Шайқас күшейе бастап, шайқасып жатқан екі жақ бір-бірімен кездескенде, біз Аллаһ Елшісіне жақындап, оның жанынан қорғаныш іздейтінбіз және біздің арамызда жауға одан жақын ешкім болмаған».

Оның тақуалығы: «Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «Аллаһпен ант етемін, сендердің араларыңдағы Аллаһ Тағаладан ең қатты қорқатын және Оның азабынан ең қатты сақтанатын — менмін».

Отбасына деген ең жақсы қарым-қатынасқа ие адам: Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «Сендердің араларыңда ең жақсыларың — отбасы мүшелеріне ең жақсы қарым-қатынас жасайтындарың. Ал сендердің араларыңдағы өз отбасына ең жақсы қарым-қатынас жасайтын — менмін».

Оның ұялшақтығы: Абу Сағид әл-Худри былай деген: «Аллаһтың Елшісі ﷺ өзінің тіпті перденің арғы жағында отырған қыздан асатын ұялшақтығымен ерекшеленетін. Егер ол өзіне ұнамсыз бірдеңе көрсе, біз бұны оның жүзінен білетінбіз».

Жеңілдеу істі таңдауы: Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген еді: «Аллаһтың Елшісіне ﷺ әлдебір екі істің бірін таңдау берілгенде, ол ﷺ жеңілін таңдайтын, тек егер бұл күнә болмаса ғана, ал егер бұл істе күнә болса, онда ол одан адамдардың ішіндегі ең алысы болатын...».

Ол өзі үшін ешқашан кек алмаған: Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «Аллаһтың Елшісі ﷺ өзі үшін ешқашан кек алмайтын, алайда Құдіретті әрі Ұлы Аллаһтың тыйымы бұзылса (Аллаһ үшін) кек алатын».

Ол ﷺ ешқашан тамақты жамандамаған: Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «Аллаһтың Елшісі ﷺ ешқашан ешқандай тамақты жамандамайтын — егер ол оны қаласа — жейтін, қаламаса — жемейтін».

Пайғамбарымыз ﷺ сыйлықтарды қабылдайтын: Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «Аллаһтың Елшісі ﷺ сыйлықтар алатын және олардың орнына басқасымен қайыратын».

Пайғамбарымыз ﷺ зекет-садақа малынан жемейтін: Ол ﷺ былай деген: «**Расында, Мухаммадтың отбасы садақа ретінде берілген нәрседен жемейді**».

Оның қарапайымдылығы: Ғуқба ибн Амир былай деген: «Бірде Аллаһтың Елшісіне ﷺ бір адам келіп, оған жүгінді әрі әңгіме барысында оның қобалжығанынан дауысы дірілдей бастады. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ оған былай деді: «**Қобалжыма, расында, мен патша емеспін, мен (сендер сияқты) қақталған ет жеген бір әйелдің баласымын ғана**».

Пайғамбарымыздың ﷺ өз отбасы мүшелеріне көмектесетіндігі: Әл-Әсуад ибн Язид былай деген: «Мен Айша анамыздан (Аллаһ оған разы болсын): «Пайғамбарымыз ﷺ әдет-

те үйде не істейтін?», — деп сұрадым. Ол былай деп жауап берді: «Ол әдетте отбасы мүшелеріне үй істерінде көмектесетін, ал намаз уақыты келгенде, намазға баратын».

Ол надан адамдарға мән бермейтін: Абу Хурайрадан Аллаһ Елшісінің ﷺ бірде өз сахабаларына былай дегені жеткізіледі: «**Аллаһ Тағала мені құрайыштықтардың сөгісінен және лағнеттерінен қалай қорғайтыны сендерді таң қалдырмайды ма? Олар Музаммамды сөгеді және Музаммамды лағнеттейді, ал мен Мухаммадпын**».

Оның шыншылдылығы: АбдуЛлаһ ибн Масғуд хадистерін: «Бізге шыншыл әрі сенімге лайықты Аллаһтың Елшісі былай баяндаған...», — деп бастайтын.

Оның қызметшілерге деген қарым-қатынасы: Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «Мен Аллаһ Елшісіне ﷺ он жыл қызмет еттім және ол маған ешқашан: «Уф!» — деген. Мен бірдеңе істегенімде, ол ешқашан маған: «Сен мұны не үшін істедің?», — деп айтпаған. Ал егер мен бірдеңе істемесем, ол маған ешқашан: «Сен неге мұны істемедің?», — деп айтпаған».

Ол сахабаларының арасында ерекшеленбейтін. Пайғамбарымыздың ﷺ жомарттығы мен ақ жарқындылығы: Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндаған: «Бірде біз Пайғамбарымызбен ﷺ бірге мешітте отырғанымызда, мешітке түйе мінген бір адам жақындады да, түйесін мешіт алдында тізе бүктіріп отырғызып, кейін байлап: «Араларыңдағы Мухаммад кім?», — деп сұрады. Сол кезде Пайғамбарымыз ﷺ адамдардың арасында жамбастап отырған болатын және біз: «Анау ақ жүзді, қолына сүйеніп, жамбастап отырған кісі», — дедік. Сонда әлгі адам: «Ибн Абд әл-Мутталиб (сенсің бе?)», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Мен сені тыңдап тұрмын**», — деді. Адам: «Мен саған егжей-тегжейлі сұрақ қоямын, сондықтан маған ренжімей (жауап бер)», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Қалағаныңды сұра**», — деді. Бұл адам: «Мен сенен Раббыңның және сенен бұрын болғандардың Раббысының атымен сұраймын: сені

бүкіл адамзатқа Аллаһ жіберді ме?», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Уа Аллаһ, иә!**», — деді. Сонда адам: «Сенен Аллаһтың атымен сұраймын: саған біздің күніне бес уақыт намаз оқуымызды Аллаһ бұйырды ма?», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Уа Аллаһ, иә!**», — деп жауап берді. Әлгі адам: «Сенен Аллаһтың атын атап сұраймын. Саған біздің осы ай ішінде ораза ұстауымызды Аллаһ бұйырды ма?», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Уа Аллаһ, иә!**», — деп жауап берді. Адам: «Сенен Аллаһтың атын атап сұраймын, саған байларымыздан зекет алып, оны кедейлердің арасында таратуды Аллаһ бұйырды ма?», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Уа Аллаһ, иә!**», — деді. Сонда әлгі кісі: «Мен сен әкелген барлық нәрсеге иман келтірдім, мені саған тайпаластарым жіберді, мен — бану Сағд ибн Бакр тайпасының бауыры Димам ибн Сәғлабпын!...», — деді.

Пайғамбарымыз ﷺ жеген нан: Айша анамыздың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «Мухаммад пайғамбар ﷺ қайтыс болғанға дейін оның отбасы (ешқашан) екі күн қатарынан арпа нанын тойып жеген емес».

Пайғамбарымыздың ﷺ дүниелік нәрселерге байланбағаны: Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «Мен бір жағдайда ғана менде Ухуд көлеміндей алтынның болғанына разы болар едім: егер үш күннен кейін одан қарыздарымды өтеу үшін қалдырғанымнан басқа, тіпті бір динар қалмаса ғана. Ал бұдан басқасының барлығын мен Аллаһтың құлдарына былай және былай таратып беруді бұйырар едім!».

Пайғамбарымыз ﷺ ешқашан балағат сөз айтпаған: Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «Пайғамбарымыз ﷺ ешқашан арсыз сөз айтпаған және арсыз іс істемеген, базарларда дауыс көтермеген, жамандыққа жамандықпен қайырмаған, алайда кешіріп, ғафу еткен».

Пайғамбарымыздың ﷺ қолы ешқашан бөгде әйелдің қолына тимеген: Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын):

«Пайғамбарымыздың ﷺ қолы ешқашан бөгде әйелдің қолына тимеген», — деген.

Пайғамбарымыздың ﷺ тұрмыс тіршілігі және тұрған үйі: Умар ибн әл-Хаттаб былай деген: «Мен Аллаһтың Елшісіне ﷺ кіргенімде ол құрма жапырақтарынан тоқылған төсеніште жатқан болатын. Мен оның қасына отырдым, ал Ол өз изарын тартты және оның осыдан басқа киімі жоқ еді. Мен төсеніштің оның денесіне (қатты батқандығы себепті) іздер қалдырғанын көрдім. Әрі Аллаһ Елшісінің ﷺ азық-түлік сақталатын орнына қарап, онда тек бір сағ (төрт қос алақан) көлеміндегі арпа тұрғанын көрдім. Ал бөлменің бір жағында араб акациясының азғантай ғана түйіршіктері бар еді және кішкентай (иленген) тері салбырап тұрды... Сонда менің көзім жасқа толды. Пайғамбарымыз ﷺ: **«Сені не нәрсе жылатты, уа Хаттабтың ұлы»**, — деп сұрады. Мен: **«Уа Аллаһтың Елшісі! Мен мына төсеніштің сіздің денеңізде іздер қалдырғанын және өзім көріп тұрған нәрседен басқа ештеңе жоқ қоймаңызды көріп, қалайша жыламаймын? Ал Парсы патшасы Хосрой мен Византия императоры жеміс ағаштары мен өзендердің арасында өмір сүреді. Сіз Аллаһтың Елшісісіз және Оның таңдаулы адамысыз, ал мынау сіздің қоймаңыз ба?!»**, — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ менен: **«Уа Хаттабтың ұлы! Сен бізге Мәңгілік өмір, ал оларға бұл дүние берілетініне разы емессіз бе?»**, — деп сұрады. Мен: **«Иә, әрине, разымын»**, — дедім».

БІРІНШІ ЕМТИХАН

- 1) Адамның осы дүниедегі және Мәңгілік өмірдегі бақыты оның Пайғамбарымыздың  жолымен жүруімен байланысты.
☐ Дұрыс ☐ Бұрыс
- 2) Барлық елшілер өз халықтарының құрметті руларынан болған.
☐ Дұрыс ☐ Бұрыс
- 3) Пайғамбарымыздың  ең жақсы сипаттамасын оның өзі өзі жайлы былай деп берген: «**Мен — Мухаммад, Аллаһтың құлы әрі елшісімін**».
☐ Дұрыс ☐ Бұрыс
- 4) Жібек пен дибач Аллаһ Елшісінің  алақанынан жұмсақ болған.
☐ Дұрыс ☐ Бұрыс
- 5) Аллаһ Тағала өз Пайғамбарының  бойына ең кемел мінез бен адамгершілік қасиеттерді жинап, оған білім мен қадір-қасиет және бұл дүниеде де, мәңгілік өмірде де құтылудың, сәттілік пен бақытқа жетудің құралы болып табылатын бүкіл нәрселерді берді, және Ол бұны одан өзге ешкімге бермеген еді.
☐ Дұрыс ☐ Бұрыс
- 6) Адамдардың ішіндегі ең жақсы шежіреге ие адам:
☐ Юнус ибн Матта;
☐ Мухаммад ибн АбдуЛлах .
- 7) Оның есімдері:
☐ жәй ғана есімдер емес, оның сипаттары;
☐ басқа адамдардың есімдері секілді жәй есімдер;

- ☐ оның есімдері оның бойындағы мақтаулы және кәміл қасиеттерінен туындайды;
 - ☐ барлық жауаптар дұрыс;
 - ☐ бірінші және үшінші жауаптар дұрыс.
- 8) «Оның мінезі Құран болған» деген сөздер мына мағынаны білдіреді:
- ☐ Ол Құранға сәйкес келген нәрселерге разы болған;
 - ☐ Ол Құранға қайшы келген нәрселерге ашуланған;
 - ☐ Екі жауап та дұрыс.
- 9) Аллаһтың Халилі (Сүйіктісі) —
- ☐ Ибраһим Пайғамбар (оған Аллаһтың сәлемі болсын);
 - ☐ Мухаммад Пайғамбар ﷺ;
 - ☐ Олардың екеуі де.
- 10) «Аллаһ Елшісінің ﷺ жүзі ақ және жарқын болған» деген сөздер мына мағынаны білдіреді:
- ☐ Оның жүзі бидай реңді болған;
 - ☐ Оның жүзі ашық түсті болған;
 - ☐ Оның жүзі ақ құба болған.
- 11) Ең жақсы иіс:
- ☐ Мисктің иісі;
 - ☐ Пайғамбарымыздың ﷺ терінің иісі.
- 12) Пайғамбарымыздың ﷺ бойы:
- ☐ орташа болған;
 - ☐ ұзын болған.
- 13) Пайғамбарымыздың ﷺ мөрі:
- ☐ Екі жауырының арасында болған;
 - ☐ Пішінімен оның денесіне ұқсаған;
 - ☐ Оның көлемі көгершіннің жұмыртқасындай болған;
 - ☐ Барлық жауаптар дұрыс.
- 14) Жақшаның ішіндегі сөздерден тиісті жауаптарды тап. (Кинан, Бану Хашим, Исмаил, Құрайш)

Аллаһ Тағала:

- Кинанды кімнің ұрпағынан таңдаған?
- Құрайыштықтарды кімнің ұрпағынан таңдаған?
- Бану Хашимді кімнің ұрпағынан таңдаған?
- Пайғамбарымызды ﷺ кімнің ұрпағынан таңдаған?

15) Кестенің оң жағындағы мәліметті сол жағындағы сәйкес келетін мәліметпен ұйқастыр.

Оның руы	Абд әл-Мутталиб
Оның есімі	АбдуЛлах
Әкесі	Ибраһим
Атасы	Хашим
Арғы атасы	Исмаил
Бабасы	Мухаммад

16) Әр есімді тиісті мағынасымен байланыстыр:

Сираж	Басқалардан қарағанда Раббысын көп мадақтайтын;
Ғақыб	Жанбай нұр беретін;
Ахмад	Көптеген мақтаулы сипаттардың иесі;
Мухаммад	Одан кейін басқа пайғамбар болмайтын пайғамбарлардың мөрі.

17) Пайғамбарымыз ﷺ:

Алақандары
Иісі
Отбасына деген қарым-қатынасы
Мінезі
Тақуалығы

Ең жағымды
Ең күшті
Ең көркем
Ең жақсы
Ең жұмсақ

18) Пайғамбарымыз ﷺ:

Аллаһ үшін
Тамақты
Өзі үшін
Садақа
Сыйлық

Кек алмаған
Берген және алған
Алмаған
Кек алған
Сөкпеген

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ﷺ БАСШЫЛЫҒЫ



Пайғамбарымыз ﷺ қалай киінген және қалай жеп-ішкен

Оның сүйікті түсі: Пайғамбарымыздың ﷺ сүйікті түсі ақ болған. Пайғамбарымыз ﷺ: *«Сендердің киімдеріңнің ең жақсы түсі — ақ түс, сондықтан оны өздерің де киіңдер және мәйіттеріңді де (осы түске) кебіндеңдер»*, — деген.

Оның киімі: Ол ﷺ қарапайым киім киген. Бұл жүннен, мақтадан немесе зығырдан жасалған киім болатын. Ол киім киюдi оң жағынан бастайтын.

Ол ﷺ киімімен өзгелерден ерекшеленбеген: Кейбір сәләфтар былай деген: «Ол не тым қымбат, не тым тозған киім кигенді ұнатпайтын». Ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін жеткізген: *«Кімде-кім бұл дүниеде менмендік (даңқтылық) киімін кесе, Аллаһ Тағала Қиямет күні оған қорлық киімін кигізіп, оны Тозаққа тастайды»*. Себебі ол өзінің тәкаппарлығы мен даңқтылығын көрсеткісі келді және Аллаһ Тағала оны осы үшін жазалады. Сондай-ақ Ибн Умардың (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) сөздерінен Пайғамбарымыздың ﷺ: *«Киімін даңғойлықпен*

сүйреп жүретін адамға Қиямет күні Аллаһ Тағала қарамайды», — дегені жеткізіледі.

Пайғамбарымыздың тамақ жеу әдебі

- Ол  тамақты еденнен (жерге отырып) жейтін;
- Пайғамбарымыз  тамақты үш саусағымен жейтін;
- Ол  тамақты жатып (жамбастап) жемеген;
- Пайғамбарымыз  тамақ жеуді Аллаһ Тағаланың атын атап, «бәсмәла» айтумен бастайтын, ал тамақтан кейін Аллаһқа мақтау айтатын.
- Ол  тамақ жеп болған соң саусақтарын жалайтын.

Пайғамбарымыздың сусын ішу әдебі

- Ол  көбінесе отырып ішетін және тұрып ішуден тыйған. Алайда отыруға кедергі болатын себеп болса, онда тұрып ішу рұқсат етілген.
- Ол  егер өзі ішіп болғаннан кейін біреуге су беретін болса, онда оң жағындағы адамға беретін, тіпті сол жағында сыйлы адам болса да.

Пайғамбарымыздың үйленуі және әйелдеріне деген қарым-қатынасы

- Пайғамбарымыз  былай деген: *«Маған сендердің бұл дүниелеріңнен әйелдер және хош иісті әтірлер сүйікті етілді және намаз көздерімнің салқыны қылынды».*

— Ол ﷻ әйелдерінің арасында түндерді, олармен өткізетін уақытын және оларға қатысты материалдық шығындарды бөліп үлестіретін.

— Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: *«Пайғамбарымыз ﷺ сапарға шыққысы келгенде әйелдерінің арасында жеребе тастайтын және жеребесі түскен әйелі онымен бірге жолға шығатын. Және ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәллемі болсын) үйлерінде қалған әйелдерінің сапардағы түндерінің орнын толықтырмайтын».*

— Оның ﷻ әйелдеріне деген қарым-қатынасы ең жақсы қарым-қатынас пен мінез-құлықтың көрінісі болатын.

— Ол ансарлардың қыздарын Айша анамызға (Аллаһ оған разы болсын) ойнауға жіберетін. Ал егер оған құрамында жаман ешнәрсе жоқ болған әлдебір ойын ұнаса, ол оны ойнауға тыйым салмаған.

— Айша анамыздың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: *«Аллаһтың Елшісі ﷺ бірталай рет менің етеккірім келген уақытта тіземе басын қойып жатып, Құран оқитын еді».*

— Айша анамыздың (Аллаһ оған разы болсын) етеккірі келгенде, Пайғамбарымыз ﷺ оған изар киюді бұйырып, онымен (қосылмай) жақындасатын.

— Пайғамбарымыз ﷺ ораза ұстаған кезде Айша анамызды сүйетін.

— Пайғамбарымыздың ﷺ оған ойнауға рұқсат беруі, ұзақ сапарға шыққанда онымен екі рет жарысып жүгіргені және бірде олар үйден шыққанда онымен ойнап бірін-бірі итерісуі оның мейірімділігі мен көркем мінезінің көрінісі болып табылады.

— Пайғамбарымыз ﷺ ұзақ сапардан түнде қайтып келгенде, әйелдерінің есігін қақпайтын және мұны басқаларға да тыйым салатын.

Пайғамбарымыздың ﷺ ұйықтау және ұйқыдан тұру әдебі

— Пайғамбарымыз ﷺ төсекке жатар кезде: **«Уа Аллаһ, мен сенің атыңмен тірілемін және өлемін (Бисми-кә Аллаһумма ахия уә-әмут)»**, — деп айтатын. Сондай-ақ түнде ұйықтар алдында алақандарын жайып, оларға жай түкіріп, сосын: **«Ол, Аллаһ Жалғыз», — деп айт»** («әл-Ихлас»), **«Таңның Раббысынан пана сұраймын», — де»** («әл-Фәләқ») және **«Адамдардың Раббысынан пана сұраймын», — де»** («ән-Нәс») сүрелерін оқып, содан соң алақандарымен денесінің қолы жететін жерлерін, яғни басынан және бетінен бастап, денесінің алдыңғы жағын, сосын қалған жерлерін сипап өтетін. Әрі ол мұны үш рет жасайтын. Сондай-ақ ол ұйқыға жатқанда, оң алақанын оң шекесінің астына қойып, сосын үш рет: **«Уа Аллаһ, мені құлдарыңды қайта тірілтетін күні азабыңнан сақтай гөр (Аллаһумма қини ғәзәбкә яума табғасу ғибадакә)»**, — деп дұға жасайтын. Пайғамбарымыз ﷺ ұйқыдан ояңғанда: **«Бізді өлгеннен кейін тірілткен Аллаһқа бүкіл мақтау болсын (Әлхамду лиЛләһи-лләзи ахуана бәғда мә әмәтана уә иләйһи нушур)»**, — деп дұға етіп, сосын мисуакпен тістерін тазалайтын.

— Пайғамбарымыз ﷺ әдетте түннің бірінші бөлігінде ұйықтап, екінші бөлігінде түнгі намаздарды оқитын. Кейде мұсылмандардың істерімен айналысқанда ол түннің бірінші бөлігінде де ұйықтамайтын.

— Пайғамбарымыздың ﷺ көздері ұйықтаған, алайда оны жүрегі ұйықтамайтын.

— Пайғамбарымыз ﷺ ұйықтағанда ол өзі оянбағанға дейін оны ешкім оятпайтын.

— Пайғамбарымыздың ﷺ ұйқысы тым ұзақ та, тым қысқа да емес, орташа болған, әрі бұл — ұйқының ең пайдалы үлгісі.

Пайғамбарымыздың адамдармен қарым-қатынасы

— Пайғамбарымыз  қалжыңдасатын, алайда ол қалжыңдағанда тек шындықты айтатын.

— Пайғамбарымыз  таурия жасаған, алайда мұндай жағдайда да ол тек шындықты айтатын.

— Пайғамбарымыз  кеңес беретін және өзі де сахабаларымен кеңесетін.

— Пайғамбарымыз  ауру-сырқауларды зиярат ететін, жаназа намаздарына қатысатын, шақыруларға жауап беретін, жесірдің, кедей-кепшіктің істерімен жүретін.

— Бірде бір ақынның оған айтқан мақтауын естіген Пайғамбарымыз  оған алғысын білдіріп, сыйлық берді. Оған айтылған бұл мақтау оған лайықты мақтаудың азғантай ғана бөлігі болатын. Ал одан басқа адамдарға айтылатын мақтауларға келсек, олардың көпшілігі өтірік.

— Ол  өз аяқ-киімін өз қолымен жөндейтін және киімдерін өзі жамап, тігетін. Ол қой сауатын, үйдегі ыдыс-аяқтарын өзі жамап-жөндейтін, отбасы мүшелеріне және өзіне өзі қызмет жасайтын, мешіт салу үшін өзінің сахабаларымен бірге саз кірпіш таситын еді.

— Кейде Пайғамбарымыз  аш болғаны соншалық, ішіне тас байлап алатын, ал кейде ол тойып тамақтанатын.

— Пайғамбарымыз  қонақтарды күтетін және өзі де қонаққа баратын.

— Ол басының ортасына, табанының артқы жағына, арқасының екі жағына, желке жағына және мойынына хижама жасататын.

— Пайғамбарымыз  ауырған кезде емделетін. Ол өз-өзіне күйдіру жасайтын, алайда мұны оған біреудің жасап беруін сұрамайтын. Ол өзіне дем салатын және басқадан

оған дем салуды сұрамайтын. Және де науқасты оған зиян тигізуі мүмкін нәрселерден сақтандыратын.

— Пайғамбарымыз ﷺ адамдармен қарым-қатынасында ең көркем болған. Біреуден қарыз алса, алғанынан жақсырақ қайтаратын.

Пайғамбарымыздың ﷺ жүру әдебі

Ол ең жылдам жүріске ие еді, бірақ сонымен бірге оның жүрісі әдемі және байсалды болатын.

Ол серіктерінен жылдамырақ жүретін әрі олар оны қуып жетуге тырысатын.

Пайғамбарымыз ﷺ жалаң аяқпен де, аяқ-киіммен де жүретін.

Сондай-ақ оның серіктері оның алдына шығып кететін, ал ол олардың артынан жүретін кездер болатын. Ол серіктерімен бірге жүргенде жалғыз да, олардың тобының ішінде де жүретін.

Пайғамбарымыздың ﷺ Аллаһты зікір етуі

Пайғамбарымыз ﷺ Аллаһ Тағаланы зікір етуде адамдардың арасындағы ең кемелі болған. Бұдан қалса, оның барлық сөйлеген сөздері Аллаһты зікір ету еді және ол Аллаһ разы болатын сөздерді ғана айтатын. Ол ұйқыдан оянғанда, намаз оқи бастағанда, үйден шыққанда, мешітке кіргенде, таңертең және кешке, киім кигенде, үйге кіргенде, дәретханаға кірген кезде, дәрет алғаннан бұрын және кейін, азан естіген кезде, жаңа айды көргенде, тамақ ішер алдында және тамақ ішкеннен кейін, түшкіргенде Аллаһ Тағаланы зікір ететін.

Адамның тума болмысының (фитра) сүннеттері және осыған ілесетін нәрселер

Бұл сүннеттерді тізбектеу: Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: *«Он нәрсе адамның тума табиғатынан (фитрасынан): мұртты қысқарту, сақалды өсіру, мисуак қолдану, мұрынды сумен шаю, тырнақтарды қысқарту, саусақ буындарын жуу, қолтық асты түгін жұлу, шат түгін қыру және астыны сумен жуу...»*. Хадисті жеткізген адам оныншы сүннет жайлы ұмытты.

Оң жақтың артықшылығы: Пайғамбарымыз ﷺ аяқ киім киюді, шашын тарауды, дәрет алуды, бірдеңе алуды немесе беруді оң жақтан бастағанды ұнататын. Ол оң қолын ішіп-жеу, дәрет алу үшін, ал сол қолын әжетін өтеу немесе лас нәрсені тазалау үшін пайдаланатын.

Шашты қыру: Пайғамбарымыз ﷺ шашын қырғанда оны толық қыратын немесе оны толық қалдыратын.

Мисуак қолдану: Пайғамбарымыз ﷺ мисуак қолданғанды жақсы көретін және оны ораза ұстағанда да, ұстамағанда да қолданған, сондай-ақ ұйқыдан ояңғанда, дәрет алғанда, намаздың алдында, үйге кірер алдында қолданған және ол үшін Арак ағашы тамырынан алынған таяқшасын пайдаланатын.

Әтір қолдану: Пайғамбарымыз ﷺ көп хош иісті әтірлерді қолданған және оларды ұнатқан.

Мұрт және сақал: Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: *«Көпқұдайшылдардан ерекшеленіңдер: сақалдарыңды өсіріңдер және мұрттарыңды қысқартыңдар»*.

Шаш пен тырнақты қысқартудың мерзімі: Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: *«Пайғамбарымыз ﷺ бізге мұрттарымызды қысқартып, тырнақтарымызды қырқып тұру үшін мерзім белгіледі, біз оларды кем дегенде қырық күнде бір рет қысқартатын едік»*.

Пайғамбарымыздың ﷺ сөйлеу әдебі

Оның сөйлеуі:

— Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «Аллаһтың Елшісі ﷺ сендер секілді тез және түсініксіз сөйлемейтін, ол анық және түсінікті сөйлейтін, сондықтан оның қасында отырғандар оның айтқанын естерінде сақтай алатын».

— Кейде ол, адамдар оның айтқан сөзін толық түсіну үшін, айтқанын үш рет қайталайтын және ол адамдармен сәлемдескенде үш рет сәлемдесетін.

— Ол ﷺ қажетсіз сөйлемеген, ал сөйлесе қысқа және толыққанды сөйлеген.

— Ол ﷺ ешқашан арсыз сөз айтпаған және арсыздық жасамаған, сондай-ақ ол ешқашан айқайламаған.

Пайғамбарымыздың ﷺ сөйлеуі, күлуі, жылауы және адамдарға құтпа айтуы

Пайғамбарымыздың ﷺ күлу әдебі: Пайғамбарымыздың ﷺ бар күлкісі күлімсіреп жымию ғана еді, әрі оның ең қатты күлімсірегенінің белгісі — азу тістерінің көрінуі болған.

Пайғамбарымыздың ﷺ жылауы:

— Пайғамбарымыз ﷺ ешқашан өкіп және дауыстап жыламаған, оның көздерінен жас ағатын және жылаған кезде оның көкірегінен терең күрсінісі ғана естілетін.

— Пайғамбарымыз ﷺ кейде қайтыс болған адамның артынан жылайтын, кейде үмметі үшін аяушылық танытып жылайтын, кейде Аллаһ Тағаладан қорқып, кейде Құран тыңдап жылайтын.

Пайғамбарымыздың ﷺ құтпасы:

— Пайғамбарымыз ﷺ жерге тұрып та, мінберде де, түйенің үстінде отырып та құтпа айтатын.

— Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «Аллаһтың Елшісі ﷺ адамдарға құтпа айтқан кезде оның көздері қызарып, дауысы қатты шығып, ашуланып, басқаларға жау әскерінің жақындағанын ескертіп жатқан адамға ұқсайтын еді».

— Пайғамбарымыз ﷺ әр құтпасында Аллаһ Тағаланы мақтап-мадақтайтын.

— Ол ﷺ құтпаны бұған қажеттік болған және ол адамдарға пайдалы болған сайын айтатын.

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ﷺ ЕРЕКШЕ ҚАСИЕТТЕРІ



Пайғамбарымыз ﷺ бірқұдайшылықпен және кеңпейілділікпен жіберілді: Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «Пайғамбарымыздың ﷺ бойында бірқұдайшылық пен кеңпейілділік біріккен еді, ал бұл көпқұдайшылықтың және халал нәрсені харам етудің қарама-қайшысы».

Пайғамбарымыз ﷺ адамдарға да, жындарға да жіберілген еді: Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «**Барлық пайғамбар тек өз қауымына жіберілген еді, ал мен бүкіл адамзатқа жіберілдім**».

Пайғамбарымызға ﷺ түсірілген Кітап пен оның шақыруы: Аллаһ Тағала былай деген:

﴿الرَّ كِتَبٌ أَنْزَلْنَاهُ إِلَيْكَ لِتُخْرِجَ النَّاسَ مِنَ الظُّلُمَاتِ إِلَى النُّورِ
بِإِذْنِ رَبِّهِمْ إِلَى صِرَاطٍ الْعَزِيزِ الْحَمِيدِ﴾ [إبراهيم: ١]

«Әлиф Ләм Ра. Бұл Құран сен сол арқылы адамдарды, Аллаһтың рұқсатымен, қараңғылықтан жарыққа, сондай-ақ Үстем әрі Бүкіл мақтауға лайық Аллаһтың жолына шығаруың үшін Біз саған түсірген бір Кітап» («Ибраһим» сүресі, 1-аят).

Пайғамбарымыздың ﷺ аят-мұғжизалары: Пайғамбарымызға ﷺ берілген ең ұлы мұғжиза — Құран Кәрім болып табылады. Сондай-ақ бұрынғы пайғамбарларға қандай да

бір мұғжиза берілсе, Пайғамбарымызға ﷺ олардан бір бөлік берілген.

Пайғамбарымызға ﷺ деген махаббат иманның белгісі: Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: *«Сендерден ешкім мен ол үшін баласынан, әкесінен және жалпы адамдардың барлығынан сүйіктірек болғаныма дейін иман келтірмейді».*

Пайғамбарымызды ﷺ жек көрудің үкімі: Пайғамбарымызды жек көрген адам кәпір болып саналады. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деген:

﴿إِنَّ شَانِئَكَ هُوَ الْأَبْتَرُ﴾ [الکوثر: ۳]

«Расында дұшпаныңның өзі ұрпақсыз қалады» («әл-Кәусар» сүресі, 3-аят).

Халил: Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: *«Расында, Аллаһ Тағала Ибраһимді Өзінің Халилі (Сүйіктісі) еткеніндей, мені де Өзінің Халилі (сүйіктісі) етті».*

Пайғамбарымыз ﷺ берік қайраттылыққа ие пайғамбарлардың (Улул-ғазм) бірі:

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَإِذْ أَخَذْنَا مِنَ النَّبِيِّينَ مِيثَاقَهُمْ وَمِنْكَ وَمِنْ نُوحٍ وَإِبْرَاهِيمَ وَمُوسَىٰ وَعِيسَى ابْنِ مَرْيَمَ ۖ وَأَخَذْنَا مِنْهُم مِّيثَاقًا غَلِيظًا﴾ [الأحزاب: ۷]

«Сол уақытта, пайғамбарлардан уәде алған едік. Сенен, Нух, Ибраһим, Муса және Мәриям ұлы Исадан берік уәде алған едік» («әл-Ахзаб» сүресі, 7-аят).

Пайғамбарымыздың ﷺ білімі: Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: *«Маған келсек, мен сендердің араларыңдағы Аллаһ жайлы ең көп білетіндерің».*

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деген:

﴿قُلْ لَا أَقُولُ لَكُمْ عِنْدِي خَزَائِنُ اللَّهِ وَلَا أَعْلَمُ الْغَيْبَ وَلَا أَقُولُ
لَكُمْ إِنِّي مَلَكٌ إِن أَتَّبِعْ إِلَّا مَا يُوحَىٰ إِلَيَّ قُلْ هَلْ يَسْتَوِي الْأَعْمَىٰ
وَالْبَصِيرُ أَفَلَا تَتَفَكَّرُونَ﴾ [الأنعام: 50]

«Жанымда Аллаһтың қазынасы бар демеймін, көместі де білмеймін. Және сендерге періштемін де демеймін. Мен өзіме уахи етілгенге ғана ілесемін. Көзді мен көзсіз тең бе? Ойламайсыңдар ма?», — де» («әл-Әнғам» сүресі, 50-аят).

Пайғамбарымызға ﷺ бағынған адамның және оған бағынбаған адамның үкімі: Аллаһ Тағала Қасиетті Құран-да былай деген:

﴿قُلْ إِنْ كُنْتُمْ تُحِبُّونَ اللَّهَ فَاتَّبِعُونِي يُحْبِبْكُمُ اللَّهُ وَيَغْفِرْ لَكُمْ
ذُنُوبَكُمْ وَاللَّهُ غَفُورٌ رَّحِيمٌ﴾ [آل عمران: 31]

«Оларға: «Егер Аллаһты жақсы көрсеңдер, онда маған ілесіндер. Сонда Аллаһ сендерді жақсы көріп, күнәларыңды жарылқайды. Өйткені, Аллаһ — аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді», — де» («Әли-Имран» сүресі, 31-аят).

Сондай-ақ, Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَلَا تَهِنُوا وَلَا تَحْزِنُوا وَأَنْتُمْ الْأَعْلَوْنَ إِنْ كُنْتُمْ مُؤْمِنِينَ﴾ [آل عمران: 139]

«Босамаңдар да қайғырмаңдар. Егер мұмин болсаңдар, әлбетте үстем боласыңдар» («Әли-Имран» сүресі, 139-аят).

Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «**Менің үмметімнің мүшелерінен тек өзі бас тартқаннан басқасының барлығы Жәннатқа кіреді**». Сонда адамдар: «**Уа Аллаһтың Елшісі! Бұдан кім бас тартады?**», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Маған мойынсұнған адам Жәннатқа кіреді, ал маған мойынсұнбаған адам бас тартқан болады**», — деді.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «**Менің әміріме қарсы келгенге қорлық пен абыройсыздық болады.**»

Пайғамбарымыздың ﷺ үмметі: Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деген:

﴿كُنْتُمْ خَيْرَ أُمَّةٍ أُخْرِجَتْ لِلنَّاسِ تَأْمُرُونَ بِالْمَعْرُوفِ وَتَنْهَوْنَ عَنِ الْمُنْكَرِ وَتُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ وَلَوْ ءَامَنَ أَهْلُ الْكِتَابِ لَكَانَ خَيْرًا لَهُمْ مِنْهُمْ الْمُؤْمِنُونَ وَأَكْثَرُهُمُ الْفَاسِقُونَ﴾ [آل عمران: ١١٠]

«Сендер адам баласы үшін жақсылықты бұйырып, жамандықтан тыятын, сондай-ақ Аллаһқа иман келтірген ең қайырлы үммет болып шығарылдыңдар. Ал егер Кітап иелері иман келтірсе еді, бұл әлбетте олар үшін жақсы болар еді. Олардан иман келтіргендер де бар және олардың көбі бұзақылар» («Әли-Имран» сүресі, 110-аят).

Пайғамбарымыз ﷺ: «**Мухаммадтың жаны қолында болған (Аллаһтың) атымен ант етемін, расында, сендер Жәннатқа кіретіндердің жартысы боласыңдар деп үміттенемін.**»

Пайғамбарымыздың ﷺ қаласы: Пайғамбарымыздың ﷺ қаласы — Мекке. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّ أَوَّلَ بَيْتٍ وُضِعَ لِلنَّاسِ لَلَّذِي بِبَكَّةَ مُبَارَكًا وَهُدًى لِلْعَالَمِينَ﴾
﴿فِيهِ ءَايَاتٌ بَيِّنَاتٌ مَّقَامُ إِبْرَاهِيمَ وَمَنْ دَخَلَهُ كَانَ ءَامِنًا وَلِلَّهِ عَلَى النَّاسِ حُجُّ الْبَيْتِ مَنِ اسْتَطَاعَ إِلَيْهِ سَبِيلًا وَمَنْ كَفَرَ فَإِنَّ اللَّهَ غَنِيٌّ عَنِ الْعَالَمِينَ﴾ [آل عمران: ٩٦-٩٧]

«Негізінен адам баласы үшін Меккеде алғаш құрылған үй (Қағба) бүкіл әлемге мүбәрақ және әлемдер үшін тура жол. Онда ашық аят-белгілер, Ибраһимнің орны бар. Сондай-ақ кім оған кірсе, аман болады. Оның жолы-

на шамасы келген кісілер, Аллаһ үшін Қағбаны зиярат етуі (қажылық жасауы) керек. Ал кім күпірлік етсе, онда Аллаһ бүкіл әлемдерден бай» («Әли-Имран» сүресі, 96–97-аяттар).

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: *«Расында, Аллаһ Тағала бұл қаланы көктер мен жерлерді жаратқан күні қасиетті етті және ол Қиямет күніне дейін қасиетті болып қала береді».*

Мекке Қиямет күніне дейін мұсылмандардың қаласы болады. Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: *«Мекке ашылғанынан кейін хижра жоқ».*

Пайғамбарымыздың ﷺ қыбыласы: Оның қыбыласы — Қағба болып табылады. Қағба қыбыла болмай тұрып, Пайғамбарымыз ﷺ әл-Ақса мешітінің бағытына қарап намаз оқыған.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قَدْ نَرَى تَقَلُّبَ وَجْهِكَ فِي السَّمَاءِ فَلَنُوَلِّيَنَّكَ قِبْلَةً تَرْضَاهَا فَوَلِّ وَجْهَكَ شَطْرَ الْمَسْجِدِ الْحَرَامِ وَحَيْثُ مَا كُنْتُمْ فَوَلُّوا وُجُوهَكُمْ شَطْرَهُ﴾ [البقرة: ١٤٤]

«Жүзіңнің көкке (жиі) жөнелгенін көреміз. Сондықтан сені өзің разы болған қыбылаға бұрамыз. Ендеше жүзіңді «Мәсжид әл-Харам» жаққа бұр. Әрі қай жерде болсаңдар да, жүздеріңді сол жаққа жөнелтіңдер» («әл-Бақара» сүресі, 144-аят).

Ал Меккедегі әл-Харам мешіті — жер бетінде іргетасы қаланған ең алғашқы мешіт. Абу Зарр (Аллаһ оған разы болсын): *«Мен Аллаһ Елшісінен ﷺ жер бетіндегі ең алғашқы мешіт қай мешіт екенін сұрадым, ол: «Әл-Харам мешіті», — деп жауап берді»,* — деген.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: *«Кімде-кім бұл үйге бейпілдік сөздерін айтпай әрі күнәлі және лайықсыз істер жасамай жолға шықса, сол (өз үйіне) анасы оны босанған кездегідей (күнәсіз) қайтады»,* — деген.

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: *«Меккедегі әл-Харам мешітіндегі намаз жүз мың намазға тең, менің мешітімдегі намаз мың намазға, ал әл-Қудс мешітіндегі намаз бес жүз намазға тең».*

Пайғамбарымыз ﷺ тағы былай деген: *«Үш мешіттен басқа ешқайда (арнайы) сапарға шығуға болмайды, (олар): (Меккедегі) әл-Харам мешіті, (Мәдинадағы) менің мешітім және (Иерусалим — Құдстағы) әл-Ақса мешіті».*

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: *«Әжеттеріңді өтеген кезде Қыбылаға алдыларыңмен де, арттарыңмен де қарамаңдар, алайда (қыбыладан) шығысқа немесе батысқа қарап тұрыңдар».*

ОНЫҢ ﷺ АҒАЙЫН-ТУЫСТАРЫ МЕН ӘЙЕЛДЕРІ



Пайғамбарымыздың ﷺ жеті баласы: үш ұлы және төрт қызы — болған, олар:

— Әл-Қасим, Пайғамбарымыздың ﷺ куниясы (Әбул-Қасим) осы ұлының атымен байланысты болған;

— Зәйнаб (Аллаһ оған разы болсын);

— Руқайя (Аллаһ оған разы болсын);

— Умм Кулсум (Аллаһ оған разы болсын);

— Фатима (Аллаһ оған разы болсын);

— Абдуллаһ, оны сондай-ақ әт-Таййиб және әт-Тахир деп атайтын.

— Ибраһим. Оны Мәрия атты көптеген балалар туған. Пайғамбарымыздың ﷺ басқа балалары оның әйелі Хадижа анамыздан (Аллаһ оған разы болсын) болған және оның басқа әйелдерінен балалары болмаған.

Пайғамбарымыздан ﷺ кейін алты айдан соң қайтыс болған Фатимадан басқа оның барлық балалары көзі тірісінде қайтыс болған. Аллаһ Тағала Фатиманың (Аллаһ оған разы болсын) сабырлығы мен Аллаһтың сауабына үміт еткендігі үшін оның дәрежесін жоғарылатқаны соншалық, ол Пайғамбарымыздың ﷺ қыздарының да ең жақсысы әрі жалпы әйелдердің де ең жақсысы болып саналады.

Оның барлық қыздары оның пайғамбарлық міндеті басталуына дейін өмір сүріп, Исламды қабылдап, онымен бірге Мәдинаға хижра жасады.

Пайғамбарымыздың ﷺ он бір көкесі болған:

— Шәһидтердің мырзасы — Хамза (Аллаһ оған разы болсын);

- Әл-Аббас (Аллаһ оған разы болсын);
- Әбу Талиб, оның есімі Абду-Манаф болған;
- Әбу Ләхаб, оның аты Абд әл-Узза болған;
- Әз-Зубайр;
- Абд әл-Қағба;
- Әл-Муқауум;
- Дирар;
- Қусам;
- Әл-Муғира, оны Хәжл деп атайтын;
- Әл-Ғайдақ, оның аты Мусғаб болған.

Оның көкелерінен Исламды тек Хамза мен әл-Аббас қабылдаған (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын).

Пайғамбарымыздың ﷺ алты апасы:

- Софийя, ол — Зубайр ибн әл-Аууамның анасы;
- Умм Хаким әл-Байда;
- Ғатика;
- Барра;
- Аруа;
- Умайма.

Пайғамбарымыздың ﷺ он бір әйелі, олардың есімдері есте сақтауға жеңіл ретпен берілген:

حجزة

- (ح – Х) — Хафса бинт Умар ибн әл-Хаттаб;
- (ج – Ж) — Жуайрия бинт Харис;
- (ز – З) — Зәйнаб бинт Жәхш және Зәйнаб бинт Хузайма.

صخر

- (ص – С) — Софийя бинт Хуяй ибн Ахтаб;
- (خ – Х) — Хадижа бинт Хуайлид;
- (ر – Р) — Умм Хабиба Рамля бинт Абу Суфиян.

(س — С) — Сауда бинт Замға;

(م — М) — Маймуна бинт Харис;

(ع — Айн) — Айша бинт Абу Бакр;

(ه — Х) — Умм Сәләма Хинд бинт Абу Умайя.

Хадижа (Аллаһ оған разы болсын): Пайғамбарымыздың ﷺ бірінші әйелі Хадижа бинт Хуайлид әл-Қурашия әл-Асадия болған (Аллаһ оған разы болсын). Ол ﷺ оған пайғамбарлық миссиясы басталмай тұрып үйленген еді және сол кезде Хадижа анамыз қырық жаста болатын. Хадижаның көзі тірісінде Пайғамбарымыз ﷺ басқа әйелдерге үйленбеген. Пайғамбарымыздың ﷺ Ибраһимнен басқа балаларының барлығы Хадижа анамыздан болған. Ол оның пайғамбарлық жолында көмектесіп, онымен ерекше күш-жігер жұмсады және оны іс-амалдарымен және мал-мүлкімен қолдады. Ал Аллаһ Тағала оған Жәбірейіл періште арқылы сәлем жолдады, мұндай құрмет басқа әйелге көрсетілгені белгісіз. Ол Пайғамбарымыздың ﷺ Мәдинаға көшкеніне дейін үш жыл бұрын қайтыс болды.

Сауда (Аллаһ оған разы болсын): Пайғамбарымыздың ﷺ бірінші әйелі Хадижа (Аллаһ оған разы болсын) қайтыс болғаннан кейін бірнеше күн өткен соң ол Сауда бинт Замға әл-Қурашияға (Аллаһ оған разы болсын) үйленді. Ол Айша анамызға (Аллаһ оған разы болсын) өзінің күндерін сыйлаған әйелі еді.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): Сауда анамыздан кейін Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың иглігі мен сәлемі болсын) өзінің сүйіктісі болған, зинадан пәк екені жеті көктен хабарланған әс-Сыддықтың қызы шыншыл Умм Абдилләһ Айшаға үйленді. Пайғамбарымызға ﷺ ол Айша анамызға үйленбес бұрын түсінде екі рет жібектің бетінде оның бейнесі көрсетілді және періштелер: «Бұл сенің әйелің!» — деді. Пайғамбарымыз ﷺ оған шәууәл айында үйленді, сол кезде ол алты жаста еді. Айша анамыз Пайғамбарымыз-

мен ﷺ тоғыз жасында, хижра жыл санауы бойынша бірінші жылы тұрмыс құра бастады. Оның әйелдерінен тек ол ғана Пайғамбарымызға ﷺ үйленгенде қыз болған және Пайғамбарымыз ﷺ оның төсегінде жатқанда оған уахи түсетін кездер болған, ал ол басқа әйелдерімен болғанда мұндай болмайтын. Ол Пайғамбарымыз ﷺ үшін жаратылыстардың ішіндегі ең сүйіктісі болған. Және ол жоғарыдан (Аллаһ та-рапынан) зинаға қатыссыз екені туралы аят түсіп, ақталған. Ислам қауымы оны зина жасады деп айыптаған кез-келген адам кәпір болатынына бірауыздан келіскен. Ол әйелдердің арасындағы иман мәселесінде ең білімдісі және ең жақсы түсінік иесі болған. Пайғамбарымыздың ﷺ ең құрметті са-хабалары да оған сұрақ қойып немесе оның сөздеріне жүгі-нетін болған.

Хафса (Аллаһ оған разы болсын): Кейін Пайғамбарымыз ﷺ Хафса бинт Умар ибн әл-Хаттабқа үйленді (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын). Бұдан бұрын Хафса өзінің бірінші күйеуі Хунайс ибн Хузафа әс-Сахмимен (Аллаһ оған разы болсын) бірге Исламды қабылдап, Мәдинаға хижра жасаған еді. Хунайс ибн Хузафа әс-Сахми Ухуд шайқасынан кейін шамалы уақыт өткен соң қайтыс болды, сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ Хафсаға үйленді.

Зәйнаб бинт Хузайма (Аллаһ оған разы болсын): Кейін Пайғамбарымыз ﷺ бану Хиләл бин Амир тайпасынан болған Зәйнаб бинт Хузайма ибн әл-Харис әл-Қайсияға (Аллаһ оған разы болсын) үйленді. Ол Аллаһтың Елшісі ﷺ тірі кезінде, үйленгеннен екі ай өткеннен кейін қайтыс болды. Ол «кедейлердің анасы» (умм әл-масакин) деп аталған әйел еді.

Умм Сәләма (Аллаһ оған разы болсын): Кейін Пайғамбарымыз ﷺ Умм Сәләма Хинд бинт Абу Умайя әл-Қурашия әл-Махзумияға (Аллаһ оған разы болсын) үйленді. Оның әкесінің аты Абу Умайя болған. Ол Аллаһ Елшісінің ﷺ әйелдерінің арасында ең ұзақ өмір сүріп, хижра бойынша 62-ші жылы қайтыс болды.

Жуайрия (Аллаһ оған разы болсын): Жуайрия бинт әл-Харис ибн Абу Дирар әл-Мусталиқия (Аллаһ оған разы болсын) бану Мусталиқ тайпасына қарсы жорықта тұтқынға түскендердің бірі болған. Содан кейін ол тұтқыннан құтылуға көмектесуін өтініп, Аллаһ Елшісіне ﷺ жүгінді. Аллаһтың Елшісі ﷺ оның ақысын төлеп, кейін оған үйленді.

Зәйнаб бинт Жәхш (Аллаһ оған разы болсын): Кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ бану Асад ибн Хузайма тайпасынан болған Зәйнаб бинт Жәхшқа үйленді. Ол Пайғамбарымыздың ﷺ апасы Умайманың қызы болатын. Ол жайлы Құранның мына аяты түсірілген:

﴿فَلَمَّا قَضَىٰ زَيْدٌ مِنْهَا وَطْرًا زَوَّجْنَاهَا لِأَيِّ لَا يَكُونَ عَلَى الْمُؤْمِنِينَ حَرَجٌ فِي أَزْوَاجِ أَدْعِيَائِهِمْ إِذَا قَضَوْا مِنْهُنَّ وَطْرًا﴾
[الأحزاب: ٣٧]

«Зәйд оған қатысты қалауын қанағаттырған (ажыраған) соң, біз оны саған некелендірдік» («әл-Әхзаб» сүресі, 37-аят).

Зәйнаб Пайғамбарымыздың ﷺ әйелдерінің арасында мұны мақтан тұтып: **«Сендерді отбасыларың үйлендірді, ал мені Аллаһтың Өзі жеті көктің биігінен үйлендірді»**, — деп айтушы еді.

Оның ерекшеліктерінен — ол Аллаһтың Елшісіне ﷺ тұрмысқа шыққанда, оның уәлиі Аллаһ Тағаланың Өзі болып, оны жеті көк биігінен күйеуге берген. Ол Умар ибн әл-Хаттабтың билігінің басында қайтыс болды. Ол алғашында Аллаһтың Елшісі ﷺ асырап алған Зәйд ибн Харисаға (Аллаһ оған разы болсын) үйленген еді. Зәйд онымен ажырасқанда, Аллаһ Тағала оны, бұл асырап алынған баланың бұрынғы әйелімен некеге тұрудың рұқсат екенінің үлгісі болуы үшін, Өз Елшісіне үйлендірді.

Умм Хабиба (Аллаһ оған разы болсын): Кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ Умм Хабибаға үйленді. Оның аты Рамля бинт Абу Суфиян ибн Харб әл-Қурайшия әл-Асадия болған. Пайғамбарымыз ﷺ оған ол Эфиопия жерінде иманын сақтау үшін хижрада болған кезде үйленген. Эфиопия патшасы

Нажаши оған Аллаһ Елшісінің ﷺ атынан 400 динар неке сыйлығын төлеген, кейін ол Аллаһтың Елшісіне ﷺ әкелінді. Ол ағасы Муғауияның (Аллаһ оған разы болсын) билігі уақытында қайтыс болды.

Софийя (Аллаһ оған разы болсын): Пайғамбарымыз ﷺ сондай-ақ Софийя бинт Хуяй ибн Ахтабқа үйленген. Ол Бану Надир тайпасының басшысының қызы болған, ал ол Муса пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) бауыры Харун ибн Имранның ұрпағынан еді. Софийя анамыз (Аллаһ оған разы болсын) пайғамбарлардың ұрпағынан еді және Пайғамбарымыздың ﷺ әйелі болған. Ол оның әйелдерінің ішіндегі ең әдемісі болған. Ол Аллаһтың Елшісінің ﷺ алдына тұтқын ретінде түсіп, оның күңі болды. Пайғамбарымыз ﷺ оны босатып, оның бостандығын оған неке сыйлығы етті және бұл сүннеттердің біріне айналды.

Маймуна (Аллаһ оған разы болсын): Кейін Пайғамбарымыз ﷺ Маймуна бинт әл-Харис әл-Хиләлияға (Аллаһ оған разы болсын) үйленді. Ол Пайғамбарымыздың ﷺ соңғы әйелі еді. Пайғамбарымыз ﷺ оған қаза умрасын (умра әл-қадо) жасағаннан кейін, ихрам хәлінен шығып үйленген.

Пайғамбарымыз ﷺ қайтыс болған кезде оның тоғыз әйелі болғандығында күмән жоқ. Пайғамбарымыз ﷺ қайтыс болғаннан кейін оның әйелдерінен бірінші болып, хижра жыл санауы бойынша 20-шы жылы Зәйнаб бинт Жәхш қайтыс болған. Ал соңғы болып, хижра жыл санауы бойынша 62-шы жылы, Язид ибн Муғауияның билігі кезінде Умм Сәләма (Аллаһ оған разы болсын) қайтыс болды.

ЕКІНШІ ЕМТИХАН

- 1) Пайғамбарымыз ﷺ киім киюді оң жағынан бастайтын.
☐ Дұрыс ☐ Бұрыс
- 2) Пайғамбарымыз ﷺ көбінесе жерге жайылған дастарханнан тамақтанатын.
☐ Дұрыс ☐ Бұрыс
- 3) Пайғамбарымыз ﷺ ұзақ сапардан түнде қайтқанда, әйелдерініңесігінқақпағанжәне мұны басқаларғатыйым салған.
☐ Дұрыс ☐ Бұрыс
- 4) Кейде Пайғамбарымыз ﷺ аштық себебінен ішіне тас байлайтын, ал кейде тойып тамақтанатын.
☐ Дұрыс ☐ Бұрыс
- 5) Пайғамбарымыз ﷺ ауырған кезде емделетін. Ол өз-өзіне күйдіру жасайтын, бірақ бұны ешкімнен сұрамайтын. Ол өзіне дем салатын, бірақ ешкімнен өзіне дем салуды сұрамайтын.
☐ Дұрыс ☐ Бұрыс
- 6) Ол ﷺ уәс-уәстарға ұшыраған адамдар жасайтын әрекеттердің ешқайсысын істемейтін. Мысалы, ол несепті мүшесін қолымен сілкіп шығармайтын, әжетін өтегеннен кейін жөтелмейтін және секірмейтін, несеп шығу жолына мақта салмайтын, оны әрдайым сумен жуа бермейтін, іш киімінің ішін мезгіл-мезгіл тексермейтін және уәс-уәстарға ұшыраған адамдар секілді осыған ұқсас әрекеттерді жасамайтын.
☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

- 7) Ол көпқұдайшылыққа қайшы келетін таухидпен және халал нәрселерді харам етуге қарама-қайшы келетін кеңпейілділікпен жіберілген.
- ☐ Дұрыс ☐ Бұрыс
- 8) Оның жеті баласы, яғни төрт ұлы мен үш қызы болған.
- ☐ Дұрыс ☐ Бұрыс
- 9) Оның балаларының барлығы Хадижа анамыздан (Аллаһ оған разы болсын) туылған және оның басқа әйелдерінен балалары болмаған.
- ☐ Дұрыс ☐ Бұрыс
- 10) Оның балаларының барлығы ол ﷺ тірі кезінде қайтыс болған.
- ☐ Дұрыс ☐ Бұрыс
- 11) Ол ﷺ қайтыс болған кезде оның тоғыз әйелі болғандығында еш күмән жоқ. Олар: Айша, Хафса, Зәйнаб ибн Жәһш, Умм Сәләма, София, Умм Хабиба, Маймуна, Сауда және Жуайрия.
- ☐ Дұрыс ☐ Бұрыс
- 12) Аллаһ Тағала Жәбірейіл періште арқылы Хадижа анамызға (Аллаһ оған разы болсын) сәлем жолдады және Аллаһтың Пайғамбарымыздың ﷺ басқа әйелдеріне сәлем жолдағаны белгісіз.
- ☐ Дұрыс ☐ Бұрыс
- 13) Пайғамбарымыздың ﷺ сүйікті түсі:
- ☐ Ақ;
- ☐ Қара;
- ☐ Кез-келген қолжетімді түс.
- 14) Оның ﷺ киімі неден болған?
- ☐ Жүннен;
- ☐ Мақтадан немесе зығырдан;
- ☐ Ол қолжетімді болған киім киген;
- ☐ Бірінші және екінші жауаптар дұрыс.
- 15) Пайғамбарымыздың ﷺ киімі қандай болған?
- ☐ Қымбат болған;

- ☐ Пайғамбарымыздың ﷺ қарапайымдылығына байланысты ең арзан болған;
- ☐ Орташа болған.
- 16) Пайғамбарымыз ﷺ «БисмиЛләһ» («Аллаһтың атымен») сөздерін қай кезде айтатын?
- ☐ Тамақтың басында;
- ☐ Тамақтың соңында;
- ☐ Тамақтың басында және соңында.
- 17) Пайғамбарымыз ﷺ суды қалай ішкен?
- ☐ Отырып;
- ☐ Тұрып;
- ☐ Екі жауап та дұрыс.
- 18) Пайғамбарымыз ﷺ: **«Маған сендердің осы дүниелеріңнен мына нәрселер сүйікті етілді»**, — деп айтқанда, не нәрселерді меңзеген?
- ☐ Әйелдерді;
- ☐ Хош иісті өтірлерді;
- ☐ Екі жауап та дұрыс.
- 19) Пайғамбарымыз ﷺ: **«...менің көздерімнің салқыны етілді»**, — деп айтқанда нені меңзеген?
- ☐ Жәннатты;
- ☐ Намазды;
- ☐ Екі жауап та дұрыс.
- 20) Пайғамбарымыздың ﷺ әйелдеріне деген қарым-қатынасы:
- ☐ Ең жақсы қарым-қатынастың көрінісі;
- ☐ Ең жақсы мінездің көрінісі;
- ☐ Екі жауап та дұрыс.
- 21) Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: **«Пайғамбарымыз ﷺ бізге мұрттарымызды қысқартып, тырнақтарымызды қырқып тұру үшін мерзім белгіледі, біз оларды кем дегенде... күнде бір рет қысқарту керекпіз»**. Хадисте қанша күн айтылған?

- ☐ Отыз күн;
 - ☐ Қырық күн;
 - ☐ Елу күн.
- 22) Пайғамбарымыз ﷺ шашын қырғанда:
- ☐ шашының бір бөлігін қырып, бір бөлігін қалдыратын;
 - ☐ шашын не толық қыратын, не толық қалдыратын.
- 23) Пайғамбарымыз ﷺ мисуак қолдануды ұнатқан және оны:
- ☐ Ораза ұстағанда қолданатын;
 - ☐ Ораза ұстамағанда қолданатын;
 - ☐ Екі жауап та дұрыс.
- 24) Оның ﷺ күлкісі:
- ☐ Әрдайым жәй ғана күлімдеу болған;
 - ☐ Көбінесе жәй ғана күлімдеу болған.
- 25) Аллаһ Тағала Пайғамбарымызды ﷺ:
- ☐ Барлық адамдарға;
 - ☐ Барлық адамдар мен жындарға жіберген.
- 26) Оның ең жақсы қыздары:
- ☐ Барлық қыздары;
 - ☐ Фатима;
 - ☐ Зәйнаб.
- 27) Пайғамбарымызға ﷺ уахи тек ол бір әйелінің қасында болғанда ғана жіберілген. Бұл:
- ☐ Хафса;
 - ☐ Умм Сәләма;
 - ☐ Айша (Аллаһ Тағала олардың барлығына разы болсын).
- 28) Сөйлемдегі бос орындарды жақшадағы тиісті сөздермен толтыр.
- Пайғамбарымыз _____ жаназаға _____, шақыруға _____, жесірлердің, мұқтаждардың тірліктерімен _____, науқастарды _____ .
- (ﷺ, зиярат ететін, қатысатын, жауап беретін, жүретін)

29) Пайғамбарымыздың ﷺ амалдарын жалғастыр:

Ол қой _____, мешіт соғу үшін саз кірпіштерді _____, киімін _____, аяқ-киімін _____, өзіне және отбасына _____.

(жөндейтін — жамайтын — сауатын — қызмет жасайтын — тасыды).

30) Адамның табиғатына қатысты сүннеттер:

- Тырнақтарды _____;
- Қолтық асты түгін _____;
- Шат түгін _____;
- Сақалды _____;
- Мұртты _____.

31) Пайғамбарымыздың ﷺ тамаққа қатысты әдебі қандай еді?

- Ол жоқ тамақ жайлы _____;
- Егер оған тамақ ұнамаса, ол _____;
- Егер тамақ ұнаса, ол оны _____;
- Ол бар тамақты _____.

(ойламаған — оған тыйым салмай, қалдырған — жеген — қайтармаған)

32) Пайғамбарымыз ﷺ қанша саусақпен жеген? _____.

Пайғамбарымыз ﷺ саусақтарын қай уақытта жалайтын?
_____.

Тамақты қалай жеу керек?

- ☐ Барынша әдепті әрі асты құрметтеп;
- ☐ Ұқыпсыз әрі құрметсіз түрде.

33) Тәкаппар адам тамақты қанша саусақпен жейді?

- ☐ Бір саусақпен;
- ☐ Бес саусақпен.

34) Тойымсыз адам тамақты қанша саусақпен жейді?

- ☐ Бес саусақпен;
- ☐ Бір саусақпен.

ЕКІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Пайғамбарымыздың  туылуы: Ол Мекке қаласында піл оқиғасымен танылған жылы туылған. Пайғамбарымыз  хижрадан 53 жыл бұрын, рабиғ әл-әууәл айының дүйсенбі күнінде дүниеге келген, бұл грегориан жыл санауы бойыншы 571-жыл. Пілмен орын алған оқиға, яғни Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ Тағаланың оны тоқтатуы, болашақ пайғамбар мен оның отбасына деген сый сияқты болды.

Пайғамбарымыздың  әкесі — АбдуЛлаһ ибн Абд әл-Мутталиб. Аллаһ Елшісінің  әкесі ол анасының жатырында болған кезде қайтыс болды, сондықтан да Пайғамбарымыз  жетім болып туылды.

Пайғамбарымыздың  анасы — Амина бинт Уахб бану Зухра тайпасынан болған. Пайғамбарымыздың  анасы ол жеті жасқа толмай қайтыс болды.

Пайғамбарымыздың  қамқоршылары: Анасы қайтыс болғаннан кейін Пайғамбарымызды  өзінің қамқорлығына атасы Абд әл-Мутталиб алды. Болашақ Аллаһ Елшісі сегіз жасында болғанда, оның атасы да қайтыс болды. Кейін оны көкесі Абу Талиб асырай бастады, оның аты — Абд Ма-наф еді.

Пайғамбарымызды ﷺ емізген сүт аналары:

Суайба: Ол Абу Ләхәбтың азат етілген күңі болған. Ол өз ұлы Масрухты емізген кезде болашақ пайғамбармен бірге Абу Сәләма Абдуллаһ ибн Абд әл-Асад әл-Махзумиді де (Аллаһ оған разы болсын) емізген еді. Олармен бірге ол Пайғамбарымыздың ﷺ көкесі Хамза ибн Абд әл-Мутталибі де (Аллаһ оған разы болсын) емізді.

Халима әс-Сағидия: Ол Пайғамбарымызды ﷺ Унайс және Жузаманың (ол кезде оның аты әш-Шәйма болған) бауыры болған өзінің ұлы Абдуллаһты емізген кезде емізетін. Олар әл-Харис ибн абд әл-Узза ибн Рифағ әс-Сағдидің ұлдары болған. Сондай-ақ ол сол кезде Пайғамбарымыздың ﷺ көкесінің баласы — Абу Суфиян ибн әл-Хариса ибн әл-Мутталибі де емізген.

Пайғамбарымызды ﷺ кішкентайында күтіп-қараған әйелдер:

— Оның анасы **Амина**;

— Абу Ләхәбтың азат етілген күңі **Суайба**;

— **Халима** бинт Абу Зуайб әс-Сағдия.

— **Әш-Шәйма:** Ол Халима әс-Сағдияның қызы мен Пайғамбарымыздың ﷺ сүт әпкесі болған. Содан кейін ол Хауазин тайпасынан келген делегация құрамында Пайғамбарымызға ﷺ келді, ол оған ерекше құрмет көрсетіп, ол үшін шапанын жайды.

— **Умм Айман** — Барака әл-Хабашия, Пайғамбарымыз ﷺ оны әкесінен мирас етіп алды, ол Пайғамбарымыздың ﷺ анасын босандырды. Пайғамбарымыз ﷺ оны өзінің баласындай сүйікті көрген адамы Зәйд ибн Харисаға үйлендірді және ол Усама ибн Зәйдті дүниеге әкелді (Аллаһ олардың барлығына разы болсын).

Аллаһтың Елшісі ﷺ қайтыс болғаннан кейін Абу Бакр мен Умар оны зиярат етіп баратын еді. Бірде олар оған келгенде, Умм Айман жылай бастады. Сонда олар: *«Сен неге жылап жатырсың? Аллаһтың құзырындағы нәрселердің Аллаһ Елшісі үшін (бұл дүниеден) қайырлы екенін білмейсің*

бе?», — деп сұрады. Ол: «*Расында, мен Аллаһтағы нәрсе Аллаһ Елшісі үшін жақсырақ екендігін білмейтіндігімнен емес, алайда көктен түсетін уахилар тоқтағандықтан жылап отырмын!*», — деді. Бұл оларға қатты әсер еткені соншалық, олар да онымен бірге жылай бастады.

Пайғамбарымыздың ﷺ кәсібі: Болашақ Пайғамбардың қой бағуы оның әлсіздерге ерекше шыдамдылықпен және жанашырлықпен қамқорлық жасауына себеп болды. Пайғамбарымыз ﷺ: «*Аллаһ (адамдарға) қандай пайғамбар жіберсе, ол міндетті түрде қой бағатын*», — деген. Оның сахабалары: «Сіз де ме?» — деп сұрағанда, ол: «*Иә, мен оларды меккеліктер үшін бірнеше қарат (яғни аз ғана ақы үшін) бақтым*», — деп жауап берді.

Пайғамбардың ﷺ саудагерлікпен айналысуы және үйленуі: Пайғамбарымыз 25 жасқа толғанда Шамға сауда істерімен аттанды. Ол (қазіргі Сирияның оңтүстігіндегі) Басра қаласына жетіп, қайта оралды. Қайтып келгеннен кейін Пайғамбарымыз ﷺ Хадижа бинт Хуайлидке үйленді, ол (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ бірінші әйелі болды.

Қағбаны қайта соғу: Пайғамбарымыз ﷺ отыз бес жасында болғанда, Қағбаның қабырғалары селден, ал одан біршама уақыт бұрын өрттен қатты зақымдалған болатын. Құрайыштықтар Қағбаны қайта салуды ұйғарып, әр тайпаға оның ғимаратынан тиісті бөлігін берді. Қара тасты орнына қайта қою реті келгенде, оны өз орнына кім орнататыны туралы келіспеушілік туындап, бұл туралы дау төрт-бес күн жалғасты. Содан кейін олар өздерінің дауларын Қағба ауласының қақпасынан бірінші кіретін адам шешеді деп келісті. Ал бұл адам Мухаммад Пайғамбар ﷺ болып шықты және олар оған бұл дауды шешуді тапсырды. Ол шапан сұрады, содан соң оның үстіне Қара тасты қойып, кейін әр рудың өкіліне шапанның шетінен ұстап алып жүруді бұйырды. Қара тас Қағбаға әкелінгенде Мухаммад Пайғамбар ﷺ оны өз қолымен орнына қойды.

Қазіргі кезде Қара тас тауаф жасалатын орынның деңгейінен бір жарым метрге көтеріліп тұр. Қағбаның есігіне келсек, құрайшықтар оны өздері кіруге рұқсат бергендер ғана кіре алатындай етіп екі метрдей биіктікке көтерді.

Қағбаның қабырғалары бұрынғысынан екі есе биік болып, он сегіз шынтаққа көтерілді. Ғибадатхананың ішіне алты бағана екі қатар етіп орнатылып, он бес шынтақ биіктікке көтерілді, ал бұрын Қағбаның бағаналары да, тірегі де болмаған еді.

Пайғамбарымыздың  оңашалана бастауы: Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: *«Кейін оған оңашалану ұнатыла бастады. Ол Хира тауындағы үңгірде оңашаланып, онда ізгі істер жасайтын, яғни көптеген түндер бойы Аллаһ Тағалаға құлшылық ететін»*. Және оның бойында өз халқының пұттары мен сенімдеріне қатысты жиіркеніш пайда болды және бұл оған ең жиіркенішті нәрсе болды.

УАХИДІҢ ТҮСЕ БАСТАУЫ



Пайғамбарымыз ﷺ қырық жасқа келгенде оған Аллаһтан уахи түсе бастады. Аллаһ Тағала оған өзінің хабарын дүйсенбі күні түсіре бастады.

Оның ﷺ пайғамбарлық миссиясы

Айша анамыздың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені хабарланады:

— Аллаһтың Елшісіне ﷺ уахидің түсуі ізгі, шыншыл түстер көруден басталды және ол таң арайындай келген аяндардан басқа ештеңе көрмеген. Сосын оның бойында оңашалануға деген сүйіспеншілік пайда болды және ол жиі Хира тауындағы үңгірге барып, сол жерде салиқалы амалдармен айналысатын еді. Бұл көптеген түндер бойы, ол отбасына қайтқысы келген уақытқа дейін Аллаһ Тағалаға құлшылық етумен көрініс тапқан. Әдетте ол өзімен бірге керек-жарақтарды алатын, содан кейін Хадиджа анамызға қайтып, тағы да осындай оңашалану үшін қажет нәрсенің бәрін алып қайтатын. (Бұл жағдай) Хира үңгірінде оған ақиқат ашылғанға дейін жалғасты. Әрі оған періште келіп: «Оқы!» — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «Мен оқуды білмеймін!» — деп жауап берді.

Пайғамбарымыз ﷺ былай баяндаған: «Сосын ол мені алып, қысқаны соншалық, мен қатты қиналып кеттім, содан кейін ол мені жіберіп: «Оқы!» — деді. Мен: «Мен оқи алмаймын!», — деп жауап бердім. Содан кейін ол мені екінші рет қысты, сонда мен (қайтадан) қиналу шегіне жеттім, сосын ол мені босатып: «Оқы!», — деді және мен (тағы да): «Мен оқи алмаймын!» — дедім. Сосын ол мені үшінші рет қысты да, кейін босатып:

﴿اِقْرَأْ بِاسْمِ رَبِّكَ الَّذِي خَلَقَ ۝ خَلَقَ الْإِنْسَانَ مِنْ عَلَقٍ ۝ اِقْرَأْ

وَرَبُّكَ الْأَكْرَمُ﴾ [العلق: ۱-۳]

«Сондай жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол адам баласын ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Ол Раббың аса Ардақты», — деді». («әл-Ғалақ» сүресі, 1-3-аяттар).

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндаған:

— Сонда жүрегі (қорқыныштан) дірілдеген Аллаһтың Елшісі ﷺ үйіне оралып, Хадижа бинт Хуайлидке (Аллаһ оған разы болсын) келіп: «**Менің үстімді жабыңдар, менің үстімді жабыңдар!**» — деді. Содан кейін олар оның үстін жапты, және ол бұл хәлде қорқынышы кеткенше болды. Кейін Пайғамбарымыз ﷺ Хадижа анамызға өзімен орын алған нәрсенің барлығын айтып беріп: «**Мен өзім үшін қорықтым!**», — деді. Хадижа анамыз: «Жоқ, жоқ! Аллаһтың атымен ант етемін. Аллаһ Тағала сені ешқашан ұятқа қалдырмайды, өйткені сен туысқандармен қарым-қатынасты үзбей ұстайсың, (әлсіздердің) ауыртпалықтарын көтеруге көмектесіп, мұқтаждарды қамтамасыз етесің, адамдарға қонақжайлық көрсетіп, оларға тағдырдың қиыншылықтарын көтеруге көмектесесің!», — деп жауап берді.

Осыдан кейін Хадижа онымен бірге үйден шығып, оны немере ағасы Уарақа бин Нәуфал бин Асад бин Абд әл-Уззаға әкелді. Ол Исламға дейінгі надандық дәуірінде христиан дінін қабылдаған, өз яһудилердің жазуын танып пайдалана-

тын және Інжілден Аллаһ қалаған нәрселерді көшірген адам болатын. Әрі сол кезде ол өте кәрі әрі зағип болатын. Хадижа оған: «Әй көкемнің ұлы! Жиеніңнің сөзін тыңдашы!» — деді. Уарақа одан: «Әй жиен, не көрдің?» деп сұрады. Аллаһтың Елшісі ﷺ көргенін айтып берді. Сонда Уарақа: «Бұл — Аллаһ Муса пайғамбарға жіберген періште! Осы күндері мен жас болып, халқың сені қуып жіберетін уақытты көретін болсам еді!», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «**Олар мені қуып жібере ме?**» — деп сұрады. Уарақа былай деп жауап берді: «Иә, адамдарға сен әкелген нәрсеге ұқсас бірдеңе әкелген адам келген сайың, олар онымен соғысатын, бірақ мен сол күнге дейін өмір сүрсем, онда саған қолымнан келгенше көмектесемін!» Алайда Уарақа көп ұзамай қайтыс болды және уахидің түсуі де уақытша тоқтады.

— Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «**Бірде мен (жолда) келе жатып, кенеттен аспаннан дауыс естідім. Мен басымды көтеріп, маған Хира үңгірінде келген періштені көрдім, бұл кезде ол аспан мен жердің арасындағы тақтаған еді. Мен одан қорқып кеттім, кейін (үйге) оралып: «Менің үстімді жабыңдар! Менің үстімді жабыңдар!», — деп айттым. Сонда Аллаһ Тағала мына аяттарды түсірді:**

﴿يَا أَيُّهَا الْمُدَّثِّرُ ۝۱ قُمْ فَأَنْذِرْ ۝۲ وَرَبَّكَ فَكَبِّرْ ۝۳ وَثِيَابَكَ فَطَهِّرْ ۝۴

وَالرُّجْزَ فَاهْجُرْ ۝۵﴾ [المدثر: ۱-۵]

«**Әй жамылушы! Тұр да, (адамдарға) ескерт! Рабыңды ұлықта! Киіміңді тазала! Әр түрлі лас істерден аулақ бол!**» («әл-Мудассир» сүресі, 1-5 – аяттар). Бұдан соң уахилер жаңадан басталып, бірінен соң бірі түсе бастады».

Уахидің дәрежелері

1) Шыншыл түстер: Пайғамбарымызға ﷺ уахи түсу осыдан басталған. Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: *«Аллаһтың Елшісіне ﷺ уахидің түсуі ізгі, шыншыл түстер көруден басталды және ол таң арайындай келген аяндардан басқа ештеңе көрмеген».*

2) Жүрекке уахи ету: Періште өзі көрінбей Пайғамбарымыздың ﷺ жүрегіне уахи салатын. Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: *«Расында, сенімді Рух (яғни Жәбірейіл періште) менің жүрегіме үрледі және былай хабарлады...».*

3) Періштенің адам кейпінде келуі: Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: *«Кейде періште менің алдымда адам кейпінде пайда болып, менімен сөйлесетін, ал мен оның айтқанын ұғып алатынымын»* Кейде сахабалар да періштені осы кейіпте көретін.

4) Қоңыраудың дыбысы сияқты келген уахилар: Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: *«Кейде маған келетін уахи қоңыраудың соғуы сияқты болған, бұл мен үшін ең ауыр еді, ал мен мұны ұғып алғаннан кейін, ол тоқтайтын».*

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: *«Мен оған суық күндерде қалай уахи түсірілгенін көрген едім, ал уахи аяқталған кезде оның маңдайынан міндетті түрде тер ағатын».* Ал Пайғамбарымызға ﷺ уахи ол түйесінің үстінде отырған кезде түссе, онда түйесі тізерілеп отыра қалатын.

5) Періштенің шынайы кейпінде келуі: Пайғамбарымыз ﷺ періштені оның жаратылған кейпінде де көрген. Періште оған Аллаһ Тағала қалаған сөздерді уахи ететін. Бұл, Аллаһ Тағала бұл туралы «ән-Нәжм» сүресінде айтқанындай, екі рет орын алған еді.

6) Аллаһтан тікелей түсетін уахи: Бұл миғраж түні орын алғандай, Аллаһ Тағаланың Пайғамбарымызға ﷺ тіке-

лей уахи етуі. Бұл Пайғамбарымыз ﷺ жеті көктен жоғарыда болып, оған бес уақыт намаз парыз етілген кезде орын алған еді.

7) Аллаһ Тағаланың онымен тікелей сөйлесуі: Бұл Аллаһ Тағаланың онымен тікелей, дәнекерсіз Ол Муса пайғамбармен (оған Аллаһтың сәлемі болсын) сөйлескендей етіп сөйлесуі.

Пайғамбарымызға ﷺ түсірілген алғашқы уахи

Бұл «әл-Ғаләқ» сүресінің алғашқы бес аяты:

﴿أَفْرَأَ بِأَسْمِ رَبِّكَ الَّذِي خَلَقَ ۝١ خَلَقَ الْإِنْسَانَ مِنْ عَلَقٍ ۝٢ أَفْرَأَ
وَرَبُّكَ الْأَكْرَمُ ۝٣ الَّذِي عَلَّمَ بِالْقَلَمِ ۝٤ عَلَّمَ الْإِنْسَانَ مَا لَمْ يَعْلَمْ﴾

[العلق: ٥-١]

«Сондай жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол адам баласын ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Ол Раббың аса ардақты. Сондай қаламмен үйреткен. Ол адамзатқа білмеген нәрселерін үйреткен».

Пайғамбарымыздың ﷺ шақыруының реттілік тәртібі

1. Пайғамбарлық;
2. Өзінің жақын адамдарын шақыру;
3. Өзінің қауымын шақыру;

4. Бұрын-соңды елші келмеген халықты, яғни бүкіл арабтарды шақыру;

5. Қиямет күніне дейін оның шақыруы жеткен барлық жындар мен адамдарды шақыру.

Оның шақыруының сатылары

Жасырын шақыру: пайғамбарлық басталғаннан кейінгі алғашқы үш жыл;

Ашық шақыру:

﴿فَاصْدَعْ بِمَا تُؤْمَرُ وَأَعْرِضْ عَنِ الْمُشْرِكِينَ﴾ [الحجر: ٤٩]

«Өзіңе бұйырылғанды жарияла әрі көпқұдайшылдардан теріс бұрыл» («әл-Хижр» сүресі, 94-аят), — аяты түскеннен кейін басталды.

Пайғамбарымызға ﷺ иман келтірген алғашқы адамдар

Ерлерден: Абу Бакр әс-Сыддық;

Әйелдерден: Хадижа бинт Хуайлид;

Балалардан: Али ибн Абу Талиб

Азат етілген құлдардан: Зәйд ибн Хариса;

Құлдардан: Биләл ибн Рабах әл-Хабаш.

Пайғамбарымыздың ﷺ шақыруына жауап беруде өзгелерден озғандардың кейбірі

Пайғамбарымызға ﷺ біз атап өткен отбасы мүшелерінен кейін бірінші болып иман келтірген сахабалар: Усман ибн Аффан, Тальха ибн Убайдуллаһ, әз-Зубайр ибн әл-Аууам, Сағд ибн Аби Уаққас, Абд әр-Рахман ибн Ауф, Хаббаб ибн әл-Арат, Сухайб әр-Руми, Аммар ибн Ясир және оның анасы Сумайя, Абу Убайда Амир ибн әл-Жаррах, Усман ибн Мазғун, Абу Сәләма ибн Абд әл-Асад және Утба ибн Ғазуан (Аллаһ Тағала олардың барлығына разы болсын).

МЕККЕЛІК КЕЗЕҢ



Көпқұдайшылдардың Пайғамбарымызға және оның сахабаларына көрсеткен зәбірлері мен қысымдары

Көпқұдайшылдар Пайғамбарымыздың  дағуатының шыншылдығын және адамдардың оның айналасында жиналғанын көргенде, олар мүминдерге қатты қысым көрсетіп, ауыр зәбірлер тигізе бастады. Олардың осындай істерінің мысалдары:

— Адамдарды одан алыстатып, адамдар одан қорқулары үшін «Мухаммад сиқыршы» деген сөздерді тарату;

— Адамдар оны ақылдан азған деп ойлауы үшін «Мухаммадқа жын тиген» деп жала жабу;

— «Мухаммад өтірікші» деген сөздерді тарату. Бірақ бұл әрекет әу бастан-ақ жеңілісті болды, өйткені ол адамдар арасында шыншылдығымен және сенімділігімен Сенімді (әл-Амин) деген атағымен белгілі еді.

— Пайғамбарымыздың  өзінің және ол әкелген діннің үстінен күлу;

— Пайғамбарымыз  адамдарға Аллаһтан түскен уахи-мен және ақиқатпен келгенде, адамдарды оны тыңдаудан алаңдату үшін, дауыс көтеріп шулау және дау-дамай жасау;

— Меккеге умра, қажылық немесе басқа да істер үшін келгендердің Пайғамбармен ﷺ кездесуіне кедергі жасау немесе адамдарды ол жайлы ескерту үшін олардың алдынан шығып күтіп алу;

— Пайғамбарымыздың ﷺ өзіне тікелей зәбір тигізу. Мысалы, бір күні Ғуқба ибн Абу Муғайт Пайғамбарды ﷺ жағасынан қаты қысып, өзіне қарай тартып, Абу Бакр оны итеріп жібермегенге дейін тұншықтырды. Және бірде Пайғамбарымыз ﷺ сәжде жасап жатқан кезде дәл сол адам оның арқасына мүшриктердің құрбандыққа шалған түйесінің ішек-қарындары мен қанды жатырын әкеліп тастады, кейін оны Пайғамбарымыздың ﷺ арқасынан қызы Фатима алып тастады.

— Олар Пайғамбарымызды ﷺ өлтірмекші болды. Олар оның көкесі Абу Талибке Пайғамбарды өлтіру үшін оны Ғамара ибн әл-Уәлид деген адамға айырбастауды ұсынды, бірақ Абу Талиб бас тартты. Олар Пайғамбарымызды ﷺ ол хижра жасауға ниет еткенде де өлтірмек болды.

— Ешқандай қолдауы жоқ мүминдерді қинау және оларды үлкен азапқа салу, мысалы, олардың Биләлді күннің астына жатқызып, оны ішіне үлкен тасты қойғаны және олардың Аммар бин Ясирдің отбасына және басқа да мүминдерге жасаған азапты істері.

Эфиопия жеріне көшу

Мұсылмандардың саны көбейіп, мүминдерден қауіптенген кәпірлер оларды одан сайын азаптап, түрлі бүліктерге ұшырата бастағанда, Аллаһтың Елшісі ﷺ олардың Эфиопия еліне қоныс аударуына рұқсат берді. Пайғамбарымыз ﷺ: **«Ақиқатында, ол жерде адамдарға оның тұсында қысым көрсетілмейтін бір патша бар»**, — деген.

Бірінші көшу: Бірінші рет Эфиопияға 12 ер мен 4 әйел көшті. Олардың арасында Усман ибн Аффан болған. Ол сапарға бірінші болып шыққан еді және онымен бірге Аллаһ Елшісінің ﷺ қызы Руқайя болған. Эфиопияда олар жақсы жағдайда өмір сүрді. Кейін оларға құрайыштықтар Исламды қабылдады деген хабар жеткен соң олар Меккеге оралды, алайда бұл хабар өтірік болып шықты. Олардың кейбіреулері Эфиопияға қайта оралды, ал қалғандары Меккеге кіреміз деп шешті. Меккеге оралғандардың араларында Абдуллаһ ибн Масғуд болды және олар құрайыштықтардан қатты қысым көрді.

Екінші көшу: Екінші рет Эфиопияға 83 ер мен 18 әйел көшті. Олар Эфиопияның патшасы Негустың билігінің астында ең жақсы халде өмір сүрді. Бұл жайлы хабар құрайыштықтарға жетті және олар Эфиопияға арнайы адамдар жіберіп, Эфиопия патшасының көшіп келген мұминдерге қатысты көзқарасын өзгерткісі келді. Олардың арасында Амр ибн әл-Ас пен АбдуЛлаһ ибн Рабиға болған. Алайда Аллаһ Тағала олардың айлааларын өздеріне қарсы бағыттады.

Умар мен Хамзаның Исламды қабылдауы: Пайғамбарлықтың басталуынан кейінгі алтыншы жылы Хамза ибн Абд әл-Мутталиб Исламды қабылдады, адамдар оны құрайыштықтардың ең күштісі деп атайтын. Аллаһ Тағала ол арқылы өз Елшісін ﷺ күшейтті. Кейін Исламды Умар ибн әл-Хаттаб қабылдады. Аллаһтың Елшісі ﷺ оның Исламды қабылдауын сұрап дұға еткен болатын. Хамза мен Умар Исламды қабылдағаннан кейін мұминдер күш жинады, ал құрайыштықтар оларға қатысты дұшпандық пен озбырлықтан аяқтарын тарта бастады.

Абу Талибтың шатқалы: Құрайыштар Аллаһ Елшісіне ﷺ бұдан да көп қасірет келтіруге тырысып, оны және оның отбасын Абу Талибтың шатқалында қоршау-блокада жасауды ұйымдастырды, ол үш жылға созылды. Блокада кезінде, шатқалда АбдуЛлаһ ибн Аббас дүниеге келді. Қор-

шауда болу Пайғамбар ﷺ үшін ауыр сынақ болды. Қоршау аяқталған кезде Пайғамбарымыз ﷺ 49 жаста еді.

Абу Талиб пен Хадижаның қайтыс болуы: Осыдан бір айдан кейін Пайғамбарымыздың ﷺ 87 жастағы көкесі Абу Талиб қайтыс болды, кейін оның әйелі Хадиджа да қайтыс болды. Осыдан соң кәпірлердің Пайғамбарды ﷺ зәбірлеп қинауы одан сайын күшейе түсті.

Тоифке бару: Бірде Пайғамбарымыз ﷺ Зәйд ибн Харисамен бірге адамдарды Аллаһ Тағалаға шақыру үшін Тоифке аттанды. Ол сонда бірнеше күн болды, бірақ Тоиф халқы оның шақыруына жауап бермеді. Керісінше, олар Пайғамбарымызға ﷺ зәбір көрсетіп, оны қуып шығып, таспен атқылағаны соншалық, оның екі аяғы қансырап жараланды. Аллаһтың Елшісі ﷺ оларды тастап, Меккеге қайтуды ұйғарды. Ол Меккеге әл-Мутғим ибн Ғадийдің қорғау кепілдігінің астында кірді.

Ғаддас және оның Исламды қабылдауы: Пайғамбарымыз ﷺ Меккеге қайтып келе жатқан жолында Ғаддас есімді христианды кездестірді. Ғаддас оған иман келтіріп, оны пайғамбар ретінде қабылдады.

Жындардың Исламды қабылдауы: Нахля елді мекеніне бара жатқанда Пайғамбарымызға ﷺ насыбиюн тайпасынан бір топ жын жіберілді. Олар жетеу болды. Олар Құранды тыңдап, Исламды қабылдады.

Миғраж түні және көктерге көтерілу: Кейін Пайғамбарымыз ﷺ бір түнде өзінің рухы және тәнімен Иерусалимдегі әл-Ақса мешітіне жеткізілді және сол жерден ол көктердің үстіне, Аллаһ Тағалаға көтерілді, сонда Аллаһ Тағала онымен сөйлесіп, оған және үмметіне без уақыт намаз орындауды парыз етті.

Араб тайпаларын Исламға шақыру: Ол Меккеде тұрғанда әр қажылық маусымында араб тайпаларын Аллаһ Тағалаға шақырып, Раббысының сөзін жеткізу үшін оны өздерінің қорғауларына алуды ұсынды және бұл үшін оларға Жәннатты уәде етті. Бірақ бірде-бір тайпа оның ұсынысы-

на жауап бермеді және Аллаһ бұл ұлы құрметті ансарларға нәсіп етті. Бұл хабар болашақ ансарлардан алты адамға жетіп, олар Аллаһ пен Оның Елшісіне ﷺ жауап берді. Олар Мәдинаға қайтып, сонда адамдарды Исламға шақыра бастады. Исламның Мәдина тұрғындарының арасында кең тарағаны сонша, Аллаһтың Елшісі ﷺ туралы сөз қозғамаған бірде-бір үй қалмады.

Ансарлар және әл-Ғақабадағы ант беру

Бірінші ант беру: Содан кейін келесі жылы қажылық маусымында ансарлардан он екі адам Меккеге келді. Олардың бесеуі бір жыл бұрын исламды қабылдаған алтаудан болатын. Олар әл-Ғақаба деген жерде Аллаһтың Елшісіне ﷺ «әл-Мумтахана» сүресінде әйелдерге ұсынылған: **«Аллаһқа ешкімді ортақ қоспауға, ұрлық қылмауға, зина жасамауға, өз балаларын өлтірмеуге, суық жолдан тапқан балаларын өз еріне телімеуге және ізгілік жасауға»**, — деген антты беріп, кейін Мәдинаға оралды.

Екінші ант беру: Бір жылдан кейін Мәдинадан 73 ер және 2 әйел келіп, екінші (соңғы) ант беруге қатысты. Олар Аллаһ Елшісіне ﷺ оны өз әйелдерін, балаларын және өздерін қорғайтын нәрселерден қорғайтындай етіп қорғайтыны туралы ант берді. Содан соң Аллаһтың Елшісі ﷺ олардың арасынан 12 басшы таңдады және оның сахабалары оларға көше бастады.

МӘДИНАЛЫҚ КЕЗЕҢ



Хижра жасауға рұқсат алу: Аллаһтың Елшісі ﷺ сахабаларына Мәдинаға қоныс аударуға рұқсат берді. Сахабалар Меккеден шағын топтармен және жасырын түрде көше бастады. Бірінші болып Мәдинаға Абу Сәләма ибн Абд әл-Асад әл-Махзуми немесе Мусғаб ибн Умайр келді. Олар ансарларға келгенде, ансарлар оларға баспана беріп, көмектесті. Мәдинада Ислам осылай тарады.

Кейін Аллаһ Тағала Өзінің Елшісіне хижра жасауға рұқсат берді. Ол Меккеден рабиғ әл-әууәл айының дүйсенбісінде шықты және ол кезде оның жасы 53-те еді. Онымен бірге Абу Бакр мен оның азат еткен құлы Амир ибн Фухайра болған еді. Олардың жол көрсетушісі АбдуЛлаһ ибн Урайқит әл-Ләйси болды. Аллаһтың Елшісі ﷺ және Абу Бакр Саур тауындағы үңгірде үш күн жасырынды, кейін олар теңіз жағасымен өтетін жолмен Мәдинаға қарай жол тартты.

Пайғамбарымыздың ﷺ Мәдинаға кіруі: Пайғамбарымыз ﷺ өзінің серігімен Мәдинаға рабиғ әл-әууәл айының 12-ші күні, дүйсенбіде кірді. Ол Мәдинаның жоғары жағындағы Құба елді мекенінде Амр ибн Ауфтың тайпасында қонақ болып он төрт күн тұрды.

Исламдағы алғашқы мешіт: Пайғамбарымыз ﷺ Құбада ең алдымен мешіт соқты. Ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «Пайғамбарымыз ﷺ әр сенбі сайын Құба мешітіне жаяу немесе жануарын мініп баратын». Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «Құба мешітіндегі намаз умра жасағанмен бірдей».

Пайғамбарымыздың ﷺ мешітінің соғылуы: Кейін Пайғамбарымыз ﷺ інгеніне мініп, жолға шықты. Жолда оны адамдар кездестіріп, інгенінің тізгінінен ұстап, қонаққа шақырды. Пайғамбарымыз ﷺ: **«Ол өтсін, өйткені ол жоғарыдан бұйрық алуда»**, — деді. Сосын оның інгені қазіргі кезде Пайғамбар ﷺ Мешіті орналасқан жерге тоқтап, тізерлеп отырды. Бұл Бану Нәжар әулетінен Сәһл және Суһайл атты екі жетім балаға тиесілі жер еді. Инген Абу Айюб әл-Ансаридің үйіне тоқтады. Содан кейін осы жерде Пайғамбар ﷺ мешітінің құрылысы басталып, оның өзі де бұл құрылысқа сахабаларымен бірге қатысты. Мешіт балшық пен құрма ағашының діңгектері және бұтақтарынан салынды. Содан кейін Пайғамбар ﷺ мешітінің қабырғаларына Пайғамбарымыздың ﷺ өзі және оның әйелдері үшін бөлмелер қосылды. Оның мешітіне ең жақын орналасқан Айшаның бөлмесі болатын. Жеті айдан кейін ол отбасымен Абу Айюбтың үйінен өз үйіне көшті.

Бауырласу: Мешіт салынғаннан кейін Пайғамбарымыз ﷺ 90 адамнан тұратын мухажирлер мен ансарларды өзара бауырластырды. Бұл мал-мүлкінен айырылған мухажирлерге жұбаныш болуы керек еді, өйткені аталған бауырлардың бірі қайтыс болған жағдайда да, екіншісі оны қандас туыстарымен бірге мұрагер етіп алатын еді. Бұл жағдай Бадр шайқасына дейін жалғасты.

Яһудилер: Пайғамбарымыз ﷺ Мәдинаға келіп, яһудилер оны көргенде, бұл олардың Тәураттарында жазылған Аллаһ Тағаланың шынайы елшісі екенін түсінді. Бірақ соған қарамастан, олардың арасындағы бірнеше ғұламалары мен Кітапты білетін ғалымы АбдуЛлаһ ибн Сәләмадан басқалары Исламды қабылдамады. Пайғамбарымыз ﷺ яһудилердің бану қайнуқағ, бану надир және бану қурайза тайпаларын өзара татуластырды.

Қыбыланы өзгерту: Миғраж түнінен кейін Аллаһ Тағала бес уақыт намазды парыз еткенде, Пайғамбарымыз ﷺ әл-Құдсқа (Иерусалимге) қарап намаз оқитын еді. Ол Ал-

лах Тағаланың құлшылық бағытын Қағбаға қарай өзгертуін қалап, үміт етіп, жиі көкке қарайтын. Ал хижраның екінші жылында Аллаһ Тағала мына аятты түсірді:

﴿قَدْ نَرَى تَقَلُّبَ وَجْهِكَ فِي السَّمَاءِ فَلَنُوَلِّيَنَّكَ قِبْلَةً تَرْضَاهَا فَوَلِّ وَجْهَكَ شَطْرَ الْمَسْجِدِ الْحَرَامِ وَحَيْثُ مَا كُنْتُمْ فَوَلُّوا وُجُوهَكُمْ شَطْرَهُ وَإِنَّ الَّذِينَ أُوتُوا الْكِتَابَ لَيَعْلَمُونَ أَنَّهُ الْحَقُّ مِنْ رَبِّهِمْ وَمَا اللَّهُ بِغَفِلٍ عَمَّا يَعْمَلُونَ﴾ [البقرة: ١٤٤]

«Жүзіңнің көкке жөнелгенін көреміз. Сондықтан сені өзің разы болған қыбылаға қаратамыз. Енді жүзіңді «Харам мешітіне» бұр. (Әй мұминдер,) қай жерде болсаңдар да, жүздеріңді сол (Қағба) жаққа жөнелтіңдер. Расында, өздеріне Кітап берілгендер, негізінен қыбланың ауысуын Раббыларынан бір шындық екенін біледі. Аллаһ олардың істегендерінен ғапыл емес» («әл-Бақара» сүресі, 144-аят). Сонда Қыбыла Қағбаға қарай өзгертілді.

Жиһадтың рұқсат етілуі: Пайғамбарымыз ﷺ Мәдинаға көшіп, ансарлар оны дұшпандарынан қорғаған соң, Аллаһ Тағала мына аятты түсірді:

﴿إِذْ لِلَّذِينَ يَقْتُلُونَ بِأَنَّهُمْ ظَلَمُوا وَإِنَّ اللَّهَ عَلَىٰ نَصْرِهِمْ لَقَدِيرٌ ۝ الَّذِينَ أُخْرِجُوا مِنْ دِيَارِهِمْ بِغَيْرِ حَقٍّ إِلَّا أَنْ يَقُولُوا رَبُّنَا اللَّهُ وَلَوْلَا دَفْعُ اللَّهِ النَّاسَ بَعْضَهُمْ بِبَعْضٍ لَهَدَمَتْ صَوَامِعُ وَبِيَعٌ وَصَلَوَاتٌ وَمَسَاجِدُ يُذْكَرُ فِيهَا اسْمُ اللَّهِ كَثِيرًا وَلَيَنْصُرَنَّ اللَّهُ مَنْ يَنْصُرُهُ إِنَّ اللَّهَ لَقَوِيٌّ عَزِيزٌ ۝﴾ [الحج: ٤٠-٣٩]

«Шынында, өздеріне шабуыл жасалып, зұлымдыққа ұшырағандарға соғысуға рұқсат берілді. Күдіксіз Аллаһтың оларға жәрдем етуге күші толық жетеді. Олар — қақысыз, тек: “Раббымыз Аллаһ”, — дегендері үшін ғана

жұрттарынан қуып шығарылғандар. Егер Аллаһ адамдарды бірін-бірі арқылы тойтармаса, монастырлар, шіркеулер, яһудилердің құлшылық орындары және оларда Аллаһтың аты көп зікір етілетін мешіттер құлатылар еді. Кім Аллаһтың жолына жәрдем етсе, Аллаһ оған жәрдем етеді. Шәксіз Аллаһ, аса Күшті, тым Үстем» («әл-Хаж» сүресі, 39-40-аяттар), — және Аллаһ Тағала мүминдерге мүшріктермен соғысуға рұқсат етті.

Алғашқы әскери жорықтар Абуа, Буат, әл-Ғушайра және басқа да кейбір жорықтар болды.

Бадр шайқасы: Хижраның екінші жылының Рамазан айында Аллаһтың Елшісі ﷺ мүминдерден үш жүз оннан астам жауынгер жасақпен Шамнан қайтып келе жатқан құрайыш керуенін іздеп, Мәдинадан шықты. Керуен басшысы Абу Суфиян Аллаһ Елшісінің ﷺ жоспарын біліп қойып, мұсылмандардың жасағын кездестірмеу үшін, өзінің жолын өзгертті. Ал Меккеде шайтан құрайыштарды мұсылмандарға қарсы жорыққа шығуға шақырды. Екі әскер Яумул-Фурқан (Ажырату Күні) күні осы ұлы шайқас болған Бадр жерінде кездесті. Екі әскер кездескен кезде Аллаһтың Елшісі ﷺ Раббысына Оның көмегіне мұқтаж екенін мінажат етіп, ұзақ дұға етті, Аллаһ Тағала мұсылмандарды олармен бірге мүшріктерге қарсы соғысқан періштелермен қуатады. Аллаһ мүминдерді жеңіске жеткізіп, Өзінің Сөзін жоғарылатты. Бадр шайқасында жетпіс мүшрік өліп, он төрт мүмин шәһид болды.

Бану қайнуқағ тайпасына қарсы жорық: Хижраның үшінші жылында бану қайнуқағ тайпасы бітім келісімін бұзды. Пайғамбар ﷺ мен оның әскері оларды қоршауға алды, қоршау 15 күнге созылды. Осыдан кейін бану қайнуқағ тайпасы Пайғамбарымызға ﷺ берілді. Пайғамбарымыз ﷺ оларды босатуға шешім қабылдады. Олардың саны жеті жүз болған еді.

Ухуд шайқасы: Сол жылы шәууәл айында Ухуд тауында шайқас орын алды. Құрайыштықтар Бадр шайқасында қаза

болғандары үшін кек алуға шешім қабылдады. Сөйтіп Мәдинаға саны үш мыңға жуық құрайыш әскері келді.

Пайғамбарымыз ﷺ мың адамдық әскермен Мәдинадан Ухуд тауына қарай шықты. Сол кезде үш жүз адамнан тұратын екіжүзділер мұсылман әскерін тастап кетті әрі мұсылмандардың әскерінің саны шайқастың басында жеті жүздей болды. Күннің басында шайқастағы басымдық мұсылмандарда болды, алайда кейін Аллаһ Тағала мүминдерді сынап, соғыстағы артықшылық мүшріктерге өтті. Олар тіпті Аллаһ Елшісін ﷺ қуып жетіп, оның басын жаралап, тісін сындырырды. Бұл күні де мұсылмандар жағында шайқасқа періштелер қатысты. Бұл шайқаста жетпіс сахаба қаза тапты, олардың ішінде Хамза бин Абдул-Мутталиб, Мусғаб ибн Ғумайр, Әнас ибн ан-Надр, Ханзала әл-Ғасил және басқалар болды. Бұл шайқаста Тальха ибн УбайдуЛлаһ аса ерекше ерлік пен табандылық танытты. Аллаһтың Елшісі ﷺ ол жайлы: **«Жәннат Тальха үшін парыз болды»**, — деген болатын.

Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ мұсылмандардың аз ғана тобымен бірге Ухуд тауына қарай шегінді де, Аллаһ Тағала мүшріктердің оларға зиян тигізулеріне тосқауыл қойды.

Ухуд соғысы күні мүминдер сыналған, екіжүзділер әшкереленген, шәһид болған мүминдер Аллаһтың ұлы сыйқұрметіне бөленген сынақ күніне айналды.

Ухуд шайқасынан кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ құрайыштардың мұсылмандарды жою үшін қайтып оралуды көздегенін естіп, өз әскерімен оларды қарсы алуға аттануды ұйғарды. Мұсылмандар Хамра әл-Асад деп аталатын аймаққа жеткенде, құрайыштықтар бұл жайлы естіді. Осыдан кейін меккелік мүшріктердің сарбаздары жігерлерін жоғалтып, жүректерін қорқыныш билеп, өз жандарын сақтап қалулары үшін, өздерінің кері сапарын жалғастырып, Меккеге оралу керек деп шешті.

Хижраның төртінші жылы

Хижраның төртінші жылында Бир Мағунада қайғылы оқиға орын алып, Құранды жатқа білетін жетпіс сахаба опасыздықпен өлтірілді.

Бұл жылы сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ яһудилердің бану надир тайпасына қарсы жорық жасап, оларды қоршауға алды. Сонда Аллаһ олардың жүректеріне үрей салып, Пайғамбарымыз ﷺ оларды Мәдинадан қуып жіберді. Олар туралы «Хашр» сүресі түсірілді.

Хижраның бесінші жылы

Әл-Мурайсиғ жорығы: Хижраның бесінші жылында Пайғамбарымыз ﷺ яһудилердің бану әл-мусталиқ тайпасына қарсы жорыққа шығып, жеңіспен оралды. Осы жорыққа аттанған сапарда топырақпен тазару рәсімі — таямум бекітілді. Дәл осы жорықта екіжүзділер мүминдердің анасы Айшаны (Аллаһ оған разы болсын) ол олардан пәктаза болған нәрселерде айыптады. Бұл айыптар оның өзін де, Аллаһ Елшісін де ﷺ қатты ренжітті. Аллаһ Тағала «Нур» сүресінде оның бұл күнәға қатыссыз екені туралы аяттарды түсірді, ал оған жалған жала жапқандар шарифат жазасы — дүре соғуға ұшырады.

Ор шайқасы: Хижраның бесінші жылы шәууәл айында яһудилер, құрайыштықтар және басқа көпқұдайшыл тайпаларынан болған олардың одақтастары Пайғамбармен ﷺ және оның сахабаларымен соғысуға бел буып, Ор (Хандақ) шайқасы орын алды. Құрайыш, бану суләйм, бану асад, фазар, әшжәғ және басқа тайпалардан құралған он мыңға жуық әскер Мәдинаға қарай бет алды.

Сәлман әл-Фариси деген сахаба Пайғамбарымызға ﷺ өздеріне қарсы жиналған дұшпандардан қорғанатын ор қазуға кеңес берді. Аллаһтың Елшісі ﷺ үш мың сарбазымен шығып, бекініс ретінде Сал тауын таңдады және оның алдынан ор қазылды. Осы оқиғалардың алдында Пайғамбарымыз ﷺ яһудилердің бану қурайза тайпасымен қауіпсіздік келісімін жасасқан болатын, бірақ олар бұл келісімді бұзып, Пайғамбарымызға ﷺ қарсы соғыспен келген жасаққа қосылды. Содан кейін Пайғамбар ﷺ Нуғайм ибн Масғудты бану қурайза тайпасының яһудилеріне, кейін құрайыштықтарға жіберді. Ол айла жасап, олардың арасындағы қарым-қатынасты бұзды. Сонда Аллаһ оларға қатты жел жіберіп, шатырларын құлатып, қазандарын төңкеріп жіберді. Жел оларды дүр сілкіндірді, жүректеріне үрей ұялатып, соғысуға деген ынтасын жойып тастады. Пайғамбарымызға ﷺ қарсы жиналған жасақтар мақсатына жете алмай, Мәдинадан шегініп, бытырап қайтып кетті.

Содан соң Пайғамбарымыз ﷺ бану қурайзаға қарсы жорыққа шықты және Сағд ибн Муаз олардың жазасы туралы шешім қабылдады. Ор шайқасы туралы «әл-Әхзаб» сүресі түсірілді.

Хижраның алтыншы жылы

Әл-Худайбия келісімі: Хижраның алтыншы жылында Пайғамбарымыз ﷺ 1400 сахабасымен бірге умра жасау үшін Мәдинадан Меккеге қарай шықты. Олар әл-Худайбияға жеткенде, құрайыштықтар оларды Меккеге кіргізуге қарсы болды. Пайғамбарымыз ﷺ олармен он жылдық бітімге қол қойды және бұл мұсылмандардың жеңісі болды, өйткені бұл туралы Аллаһ Тағала былай деді:

﴿إِنَّا فَتَحْنَا لَكَ فَتْحًا مُّبِينًا﴾ [الفتح: ١]

«Расында, Біз саған (уа Елші) анық жеңіс сыйладық»

(«әл-Фатх» сүресі, 1-аят).

Және бұл келісімде құрайыштардың келесі жылы мұсылмандарға умра жасауға рұқсат беретіні де жазылды. Ал хижраның жетінші жылы Зул-қағда айында қаза умрасы («Умра әл-қадо») жасалынды.

Хайбар жорығы: Пайғамбарымыз ﷺ Худайбиядан оралғаннан кейін жиырма күн өткенде Мәдинаның сол түстігінде орналасқан Хайбарға жорыққа шықты. Мұсылмандар яһудилерді Хайбарда жиырма күндей қоршауда ұстап, бұл шайқаста үлкен құлшыныс танытты. Яһудилер өздерінің жойылу қаупі бар екеніне сенімді болған кезде, олармен бітімге келуді өтініп, Пайғамбарымызға ﷺ жүгінді. Ал Пайғамбарымыз ﷺ олармен өмірлері кепіл болатыны туралы бітімгершілік келісімін жасады, бірақ сонымен бірге олар Хайбардан, өздерінің барлық мал-мүлкін тастап, тек киімдерімен ғана алып кетуі керек еді. Сосын Пайғамбарымыз ﷺ оларға өздерінің еккен егіндерінің жартысын мұсылмандарға беру шартымен өз жерлерін пайдаланып қала беруіне рұқсат етті.

Жағфардың келуі: Пайғамбарымыз ﷺ Хайбарда болған кезде Мәдинаға Абу Хурайра мұсылман болып келді. Сондай-ақ бұрын Эфиопияда қалған мұсылмандар Пайғамбардың ﷺ немере інісі Жәғфар ибн Абу Талибпен бірге Мәдинаға келді. Олар Хайбарда Аллаһтың Елшісіне ﷺ қосылды. Сондай-ақ олармен бірге Мәдинаға Абу Муса және оның бану әшғар тайпасы да келді.

Хижраның сегізінші жылы

Мута шайқасы: Хижраның сегізінші жылында Мута шайқасы орын алды. Оның себебі Аллаһ Елшісінің ﷺ Византия императорына жіберген елшісін Шурахбил ибн Амр әл-

Ғасанидің адамдарының өлтіруі болды. Аллаһтың Елшісі ﷺ оларға қарсы сахабалардан үш мың әскерді жіберіп, оның басына өзінің сүйіктісі Зәйд ибн Харисаны тағайындап: **«Егер Зәйд өлтірілсе, қолбасшылықты Жәғфар алсын, ал егер Жәғфар өлтірілсе, қолбасшылықты Абдуллаһ ибн Рауаха алсын»**, — деді. Ираклий мұсылмандарға қарсы өз әскерімен және оны қолдаған кейбір араб тайпаларымен бірге екі жүз мың әскермен шықты. Шайқас Мута мекенінде орын алды. Пайғамбарымыз ﷺ тағайындаған қолбасшылар шәһид болған соң, Халид ибн әл-Уәлид туды өз қолына алып, әскерді шебер басқарып, оларды Аллаһтың және өздерінің дұшпандарынан алыстатты.

Меккенің ұлы ашылуы: Сол жылы құрайыштармен одақтас болған бану бакр тайпасы Пайғамбарымыздың ﷺ одақтасы болған хузаға тайпасына шабуыл жасады және құрайыштықтар өздерінің одақтастарына жасырын түрде көмектесті. Бұл хабар Пайғамбарға ﷺ жеткенде, ол Меккені жаулап алуды ұйғарды. Абу Суфиян құрайыштықтар тарапынан бұзылған бітімгершілікті жаңарту үшін Мәдинаға келеді. Ол Пайғамбармен ﷺ сөйлескісі келді, бірақ Пайғамбар ﷺ олардың сөздерін тыңдауды қаламады. Сонда олар Пайғамбармен ﷺ сөйлесуі үшін Абу Бакрге, Умарға, сосын Алиге барды, бірақ олар да оған ара түсуден бас тартты. Пайғамбарымыз ﷺ құрайыштықтардың оларға қарсы жорық жасап жатқанын білмеулері үшін Аллаһтан оларды (осыған қатысты) соқыр етуін сұрады. Аллаһ Тағала оның дұғасына жауап берді. Сөйтіп Пайғамбарымыз ﷺ он мыңдық әскерімен Меккеге қарай бет алды. Осы жолда оның көкесі әл-Аббас ибн Абд әл-Муталлиб Меккеден Исламды қабылдап, Пайғамбарымызға ﷺ келді. Пайғамбарымыздың ﷺ Меккені ашқан кезінде айтқан сөздерінің бірі: **«Кімде-кім Абу Суфиянның үйіне кірсе, қауіпсіздікте болады, кімде-кім (әл-Харам) мешітін паналаса, сол қауіпсіздікте болады. Кімде-кім есіктерін жауып, үйінде қалса, сол қауіпсіздікте болады»**. Пайғамбарымыз ﷺ Меккеге кіргеннен кейін тек өзіне

қарсы соғыса бастағандармен және оны мен мұсылмандарға көп азап шектіргендермен ғана соғысып, олардың қанын төгуді рұқсат деп жариялады. Пайғамбарымыз ﷺ Меккеге кірген кезде Қағбаны ихрамсыз тауаф етті. Кейін ол Усман ибн Талханы шақырып алып, одан Қағбаның кілттерін алып, ішіндегі және сыртындағы барлық пұттарды сындырды, ал содан кейін кілттерді Усман ибн Талхаға қайтарды.

Меккені жаулап алғаннан кейін көптеген адамдар Исламға кіре бастады. Араб тайпалары топ-топ болып Пайғамбарымызға ﷺ келіп, Исламды қабылдады.

Пұттарды сындыру: Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ Меккені ашқан соң, ол ﷺ өз сахабаларын Мекке маңындағы пұттарды сындырып, жою үшін, жорыққа жіберді. Амр бин әл-Ас Сууағ атты пұтты, Сағд ибн Зәйд Манатты, Халид бин әл-Уәлид әл-Ғуззаны, әт-Туфайль Зул-Каффайнды, ал Али Тай пұтын жою үшін жіберілді.

Хунайн шайқасы: Хауазин тайпасы Меккенің жаулап алынғанын естіп, бүкіл мал-мүлкін, әйелдері мен балаларын өздерімен бірге алып, Аллаһтың Елшісіне ﷺ қарсы шықты. Аллаһтың Елшісі ﷺ оларға қарсы 12 мың жауынгерімен шықты. Кейбір мұсылмандар өз әскерінің мұндай көптігіне таң қалды. Мұсылман әскері Хунайн аңғарына жеткенде Хауазин жауынгерлері бірігіп мұсылмандарға күтпеген жерден шабуыл жасады, сондықтан мұсылман жауынгерлері қорқып Пайғамбарымыздың ﷺ жанынан қаша жөнелді, оның қасында муһажирлердің аз ғана тобы мен оның отбасы мүшелері қалды. Сонда Аллаһ Тағала мүминдерді қуаттап, Пайғамбардың ﷺ жанына жинады. Мүминдер Пайғамбармен ﷺ бірге соғыса бастады, көп ұзамай Аллаһ Тағала оларға жеңіс нәсіп етті. Жеңілгеннен кейін Хауазин тайпасы Тоифқа қашты.

Кейін Хауазин тайпасынан ислам дінін қабылдаған он төрт адам Пайғамбарымызға ﷺ келіп, соғыста тұтқынға алынған туыстарын босатуды сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ өз тұтқындарын босатты әрі басқалар да солай істеді.

Әт-Тоиф жорығы: Пайғамбарымыз ﷺ Хауазин тайпасын жеңгеннен кейін Тоифқа жорық жасауды ұйғарды. Пайғамбар Тоифқа жетіп, Тоиф бекінісін 18 күн қоршауда ұстады, содан кейін тікелей шайқасқа тап болмай қайтты.

Тәбук жорығы: Хижраның тоғызыншы жылы Тәбук жорығы орын алды. Ол ауа райының өте ыстық, жемістер піскен әрі адамдар көлеңкеден шыққысы келмейтін кезде орын алды, сондықтан адамдардың бұл жорыққа шығуы өте қиын болды. Пайғамбарымыз ﷺ осы жорыққа шығуды шешкенде, мүминдерді осы жорыққа өз қаражаттарын жұмсауға шақырды. Сол кезде Усман бин Аффан үш жүз түйені ер тұрмандары және жабуларымен қоса беріп, бұған тағы мың динар қосты. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: **«Осы күннен кейін Усманға ол не істесе де зиян тигізбейді»**, — деп айтты. Басқа сахабалар да өз шама-мүмкіндіктеріне қарай бұл жорыққа мал-мүлік жұмсады.

Екіжүзділердің көбі бұл жорыққа шықпады. Сондай-ақ одан үш ізгі сахаба да себепсіз қалып қойды, олар: Қағб ибн Мәлик, Хиләл ибн Умайя және Мирора ибн ар-Рабиғ. Пайғамбарымыз ﷺ жорықтан қайтып оралған кезде бұл үш сахаба Пайғамбардан кешірім сұрауға асықты, олар туралы:

﴿وَعَلَى الثَّلَاثَةِ الَّذِينَ خَلَفُوا حَتَّىٰ إِذَا ضَاقَتْ عَلَيْهِمُ الْأَرْضُ بِمَا رَحُبَتْ وَضَاقَتْ عَلَيْهِمْ أَنْفُسُهُمْ وَظَنُّوا أَن لَّا مَلْجَأَ مِنَ اللَّهِ إِلَّا إِلَيْهِ ثُمَّ تَابَ عَلَيْهِمْ لِيَتُوبُوا إِنَّ اللَّهَ هُوَ التَّوَّابُ الرَّحِيمُ﴾ [التوبة: ١١٨]

«(Аллаһ) соғыстан қалып қалған үшеуінің де (тәубесін қабыл етті). Тіпті оларға жер өзінің кеңдігіне қарамастан тар болған еді. Олардың жандары қысылып (тарылып), Аллаһтан басқа ешбір пана жоқтығын аңғарды. Содан кейін Аллаһ оларға тәубе нәсіп етті. Шынында Ол Аллаһ, тым тәубені Қабыл етуші, өте Мейірімді...», — деген аят түсті («Әт-Тауба» сүресі, 118-аят). Аллаһ Тағала бұл үш сахабаның шыншылдығын біліп, олардың тәубесін қабыл етті.

Аллаһ Тағала дәл осы сүреде екіжүзділерді айыптап, олардың жүректеріне мөр басты. Бұл сүре екіжүзділерді әшкерелейтіндіктен «Әшкерелеуші» деп те аталады.

Осы әскери жорық кезінде Пайғамбарымыз ﷺ Айля мекенінің билеушісі Юханна ибн Рауба келіп, онымен бітімгершілік келісімін жасап, жизия төледі. Жәрба мен Азрухтың өкілдері де дәл солай істеп, Пайғамбарымыз ﷺ жизия төледі. Аллаһтың Елшісі ﷺ олардың әрқайсысына жарлық жазып берді. Пайғамбарымыз ﷺ Думат тайпасынан болған Укайдирмен бітім шартын жасасты, әрі олар да жизия төлеуге келісті. Пайғамбарымыз ﷺ Тәбукта екі аптаға жуық болды, әрі қайтар жолында ешбір шайқасқа қатыспай Мәдинаға оралды.

Мәдинаға қайтып келгенде, Аллаһ Тағала оған екіжүзділер құрған «Зиян тигізу» мешітін (Мәжид әд-Дырар) қиратуды бұйырды.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَالَّذِينَ أَخَذُوا مَسْجِدًا ضَرَارًا وَكُفْرًا وَتَفْرِيقًا بَيْنَ الْمُؤْمِنِينَ
وَارْضَادًا لِّمَنْ حَارَبَ اللَّهَ وَرَسُولَهُ مِنْ قَبْلُ وَلَيَحْلِفْنَ إِنْ أَرَدْنَا إِلَّا
الْحُسْنَ وَاللَّهُ يَشْهَدُ إِنَّهُمْ لَكَاذِبُونَ﴾ [التوبة: ١٠٧]

«Сондай (муминдерге) зиян тигізу, күпірлікті (қолдау) және муминдердің арасына бөлінушілік салу және бұрыннан Аллаһ пен Елшісіне қарсы соғысқан біреу оны торуыл ретінде пайдалану үшін мешіт жасап алғандар: «Біз тек игілікті ғана қалап едік», — деп әлбетте ант ішеді. Сондай-ақ Аллаһ олардың асқан өтірікшілер екендігіне куәлік етеді...» («әт-Тауба» сүресі, 107-аят). Пайғамбарымыз ﷺ мешітті қиратты. Тәбук жорығы оның өзі тікелей қатысқан соңғы әскери жорығы болды.

Хижраның тоғызыншы жылы

Делегациялардың келуі: Тәбук жорығынан кейін сақиф тайпасы Исламды қабылдады. Хижраның тоғызыншы жылы «Делегациялар жылы» деп те аталады. Пайғамбарымыз ﷺ көптеген тайпалар келіп, Исламды қабылдағандарын жариялады. Мұндай делегациялардың ішінде: Ғатарид ибн Хәжиб әт-Тәммимидің басшылығындағы бану тамим делегациясы; Зәйд әл-Хәйлдің басшылығындағы Таидан келген делегация; әл-Жәруд әл-Ғабдимен келген абд әл-қайс делегациясы; бану ханифаның делегациясы, олардың арасында кейін өзін пайғамбар деп жариялаған өтірікші Мусайлима да болды.

Абу Бакрдың қажылығы: Хижраның тоғызыншы жылы Пайғамбарымыз ﷺ Абу Бакрды қажылыққа басшы етіп жіберіп, ол мұсылмандармен бірге барлық қажетті рәсімдерді орындады. Пайғамбарымыз ﷺ Абу Бакрдың соңынан Алиді ол адамдарға «әт-Тауба» сүресінің басын оқып, көпқұдайшылдармен келісімдердің бұзылғанын және осы жылдан кейін мүшриктердің қажылық жасап, бұл жаһилиет дәуіріндегідей Қағбаны жалаңаш тауаф етуге тыйым салынатынын хабарлау үшін жіберді.

Хижраның оныншы жылы

Пайғамбарымыздың ﷺ қажылығы: Хижраның оныншы жылы Аллаһтың Елшісі ﷺ қоштасу қажылығын жасады. Қажылық парызын өтеу үшін оған әртүрлі тайпалар мен қалалардан адамдар қосылып, олардың саны жүз мыңнан асты. Пайғамбарымыз ﷺ оларға қажылық рәсімдерін үйретіп, Арафа күні уағыз айтып, оларға Аллаһ Тағаланың мына сөздерін оқып берді:

﴿الْيَوْمَ أَكْمَلْتُ لَكُمْ دِينَكُمْ وَأَتِمَمْتُ عَلَيْكُمْ نِعْمَتِي وَرَضِيتُ لَكُمُ الْإِسْلَامَ دِينًا﴾ [المائدة: 3]

«Бүгін мен сендер үшін діндеріңді толық еттім, сендерге берген нығметімді тамамдадым, сондай-ақ сендерге Ислам дінін қоштап ұнаттым» («әл-Мәида» сүресі, 3-аят).

Пайғамбарымыз ﷺ діннің толық болғанын жеткізіп, Құран мен Сүннетті ұстануды бұйырды және мұминдерге бір-бірінің қанын, мал-мүлік пен ар-намысын харам етті. Бұл оның қоштасу құтпасы болды.

Хижраның он бірінші жылы

Усаманы жорыққа аттандыру: Хижраның он бірінші жылы сафар айында Пайғамбарымыз ﷺ византиялықтармен соғысу үшін әскер дайындап жіберіп, оның басшысы етіп Усама бин Зайдты тағайындады. Әскер әл-Журф қаласына жеткенде, оларға Пайғамбардың ﷺ ауырып қалғаны туралы хабар жетті.

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ﷺ ЖОРЫҚТАРЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ



Пайғамбарымыздың ﷺ әскери жорықтары, әскер жіберуі және жасақтары жайлы қысқаша:

Пайғамбардың ﷺ барлық әскери жорықтары, шайқастары және әскери әрекеттері хижрадан кейінгі он жыл ішінде орын алды. Пайғамбардың ﷺ өзі қатыспаған әскери операциялар саны алпысқа жуық. Пайғамбардың ﷺ көзі тірісінде орын алған әскери жорықтардың саны — 27. Пайғамбарымыз ﷺ тоғыз шайқасқа қатысқан, олар: Бадр, Ухуд, Хандак (Ор шайқасы), Құрайза, әл-Мусталик, Хайбар, Меккенің алынуы, Хунайн және Тоиф. Кейбір жорықтарға қатысты мына аяттар түсірілді:

Бадр шайқасы: Бұл шайқас жайлы «әл-Әнфәл» сүресінің аяттары түсірілген, бұл сүре сондай-ақ «Бадр» деп те аталады.

Ухуд шайқасы: Бұл шайқас жайлы «Әли Имран» сүресінің екінші бөлігінде айтылған. Бұл жайлы мына аяттан басталып:

﴿وَإِذْ عَدُوَّتْ مِنْ أَهْلِكَ نُبَوِّئُ الْمُؤْمِنِينَ مَقْعِدَ لِلْقِتَالِ وَاللَّهُ

سَمِيعٌ عَلِيمٌ﴾ [آل عمران: ١٢١]

«(Мухаммад Ухуд соғысы кезінде) үйіңнен ерте шығып, мүминдерді соғыс үшін орындарға орналастыруда едің. Аллаһ әр нәрсені естіп, Білуші», — сүренің аяғына дейін баяндалады («Әли Имран» сүресі, 121-аят).

Ор шайқасы, Бану қурайза және Хайбар жорықтары: Бұл оқиғалар жайлы «әл-Әхзаб» сүресінің аяттары түсірілген.

Бану ән-Надирге қарсы жорық: Бұл жорық жайлы «әл-Хашр» сүресінің аяттары түсірілген.

Худайбия келісімі және Хайбар жорығы: Бұл жорықтар жайлы «әл-Фатх» сүресінде хабарланған. Бұл сүреде сондай-ақ Меккенің ашылуына нұсқау бар, бірақ бұл жайлы анық «ән-Наср» сүресінде айтылған.

Тәбук жорығы: Бұл жорық жайлы «әт-Тәуба» сүресінде хабарланған.

Пайғамбарымыз ﷺ бір ғана шайқаста — Ухуд шайқасында жараланған.

Мүминдерге көмектесетін періштелер үш шайқасқа қатысты: Бадр, Ухуд және Хунайн шайқастары. Сондай-ақ періштелер мүшріктерді сілкіген Ор шайқасында да түсті. Пайғамбарымыз ﷺ мүшріктердің беттеріне қарай топырақ шашып, олар қақтығыс орынын тастап кетті.

Ұлы жеңістерге екі шайқаста: Бадр және Хунайн шайқастарында, — қол жеткізілді.

Катапульта тек бір шайқаста — Тоифте қолданылған.

Ор тек бір шайқаста, әртүрлі тайпалар мұсылмандарға қарсы әскер жинап келіп, Сәлман әл-Фариси Пайғамбарымызға ﷺ ор қорғанысын қазуды кеңес берген кезде пайдаланған болатын.

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ﷺ АУЫРУЫ ЖӘНЕ ҚАЙТЫС БОЛУЫ



Кейін Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ осы дүниеде қала беру мен Аллаһпен кездесіп, Жәннатқа кірудің арасында таңдау берді. Пайғамбарымыз ﷺ Аллаһпен кездесуді және Жәннатты таңдады. Осыдан кейін ол қатты ауырып, әйелдерінен Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) үйінде қала беруге рұқсат сұрады әрі олар оған рұқсат берді. Пайғамбарымыз ﷺ мешітте намаз оқи алмаған кезде, Абу Бакрге (Аллаһ оған разы болсын) жамағат намазын оқуды бұйырды, бұл оның өзінен кейін халифа болуға басқалардан артық лайық екеніне нұсқады. Хижраның он бірінші жылы рабиғ әл-әууәл айының 12-сінде, дүйсенбі күні адамдар мешітте таң намазын оқып жатқанда, Пайғамбарымыз ﷺ кенет Айша анамыздың бөлмесінің пердесін көтеріп, намаз оқып тұрған адамдарға біршама қарап тұрды да, кейін күлімсіреді. Кейін ол адамдарға намаздарын жалғастыруларына ыммен белгі беріп, пердені түсірді.

Таңертең күн көтеріліп, дұха намазының уақыты кіргенде, Пайғамбарымыз ﷺ дүниеден өтті.

Пайғамбарымыздың ﷺ қайтыс болуы мұсылмандардың басына түскен ең үлкен қиындық болды және олар оған қатты қайғырды.

Кейін Пайғамбарымыз ﷺ жуындырылып, үш ақ кебінге оралды. Пайғамбарымыз ﷺ қайтыс болған жерінде — мұминдердің анасы Айша анамыздың бөлмесінде жерленді.

Бұл Аллаһ Тағаланың пайғамбарларын қайтыс болған жерлерінде жерлеу туралы бұйрығына сәйкес жасалды.

Адамдар мен жындар әлемі Аллаһ Тағаладан Мухаммад Пайғамбар үшін игілік пен сәлем сұрайды. Біз де Пайғамбарымыздың  өз міндетін өтегеніне, үмметіне шынайы ықылас танытып, Аллаһтың разылығы үшін барынша ынта-жігер салғанына куәлік етеміз. Сондықтан Аллаһ оны өз үмметі үшін пайғамбарлар алуы мүмкін болған ең жақсы сыйлықпен марапаттасын.

Әрі бүкіл мақтау әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән!

ҚОРЫТЫНДЫ



Аллаһ Елшісінің ﷺ ақыны Хассан ибн Сәбит былай деген екен:

يَا رَبِّ فَاجْمَعْنَا مَعًا وَنَبِيِّنَا فِي جَنَّةٍ تُنْثِي عُيُونَ الْخُسَدِ
فِي جَنَّةِ الْفِرْدَوْسِ وَاكْتُبْهَا لَنَا يَا ذَا الْجَلَالِ وَذَا الْعُلَا وَالسُّودِدِ
صَلَّى إِلَهِهُ وَمَنْ يُحْفُ بِعَرْشِهِ وَالطَّيِّبُونَ عَلَى الْمُبَارَكِ أَحْمَدِ

Уа Раббымыз! Бізді Пайғамбарымызбен бірге Жәннат бақтарында күншілдердің көз алдында мадақталған кейіпте жинай гөр! Фирдаус бақтарында! Оны біздің тағдырымызға жаз! Уа ұлылық, жоғарылық және даңқ Иесі! Берекелі Ахмадқа Аллаһ Тағаланың және Оның аршысының айналасында болғандардың игілігі мен сәлемі болсын!

ҮШІНШІ ЕМТИХАН

- 1) Пайғамбарымыз ﷺ кезінде қой баққан, бұл оның сабырлылығына және әлсіздерге деген мейірімділігі мен қамқорлығына себеп болған.
☐ Дұрыс ☐ Бұрыс
- 2) Қырық жасында оған пайғамбарлық нәсіп етілді және жұма күні Аллаһ Тағала оны елшілік міндетімен құрметтеді.
☐ Дұрыс ☐ Бұрыс
- 3) Құрайыштықтар Аллаһтың Елшісіне ﷺ қысым көрсетуге тырысып, оны және оның отбасын Абу Талибтың шатқалында қоршауды ұйымдастырды, бұл қоршау үш жылға созылды. Қоршауда болу Пайғамбар үшін ﷺ ауыр сынақ болды. Қоршау аяқталған кезде ол 49 жаста болатын.
☐ Дұрыс ☐ Бұрыс
- 4) Пайғамбарымыз ﷺ Мекке қаласында қай жылы туылған?
☐ Піл жылы;
☐ Хижрадан бұрын 53 жылы;
☐ Екі жауап та дұрыс.
- 5) Уахидің түсірілуі неден басталды?
☐ Пайғамбарымыз ﷺ оңашалануды жақсы көретін болды;
☐ Игі түстерден;
☐ Екі жауап та дұрыс.
- 6) Уахи дәрежелерінің саны:
☐ Бес;

- ☐ Жеті;
 - ☐ Үш.
- 7) Пайғамбарымыз ﷺ шақыруының сатылары:
- ☐ Екі;
 - ☐ Үш;
 - ☐ Бес.
- 8) Пайғамбарымыз ﷺ бір түнде рухы және тәнімен Иерусалимдегі әл-Ақса мешітіне алып барылды және сол жерден көктердің үстіне, Аллаһ Тағалаға көтерілді, сонда Аллаһ онымен сөйлесіп, намаз орындауды парыз етті.
- ☐ Пайғамбарымыз ﷺ тек денесімен көтерілді;
 - ☐ Тек рухымен көтерілді;
 - ☐ Пайғамбарымыз ﷺ денесімен де, рухымен де көтерілді.
- 9) Исламдағы ең алғашқы болып салынған мешіт:
- ☐ Әл-Харам мешіті;
 - ☐ Пайғамбарымыздың ﷺ мешіті;
 - ☐ Әл-Ақса мешіті;
 - ☐ Құба мешіті.
- 10) Қыбыла қай кезде өзгерді?
- ☐ Хижрадан бұрын Мекке қаласында;
 - ☐ Хижраның екінші жылы;
 - ☐ Хижраның үшінші жылы.
- 11) Бадр шайқасы қай жылдың рамазан айында орын алды?
- ☐ Хижраның екінші жылы;
 - ☐ Хижраның үшінші жылы.
- 12) Аллаһ Елшісіне ﷺ иман келтірген алғашқы адамдарды рет-ретімен жазыңыз:
 (Али ибн Абу Талиб; Биләл ибн Рабах; Зәйд ибн Хариса; Абу Бакр)
 Ерлерден: _____
 Балалардан: _____
 Азат етілген құлдардан: _____

Құлдардан: _____

- 13) Пайғамбарымыздың ﷺ анасы қайтыс болғанда, оны өз қамқорлығына атасы _____ алған.

— Оның ﷺ атасы Абдул-Мутоллиб ол _____ жасында болғанда қайтыс болды.

— Кейін Пайғамбарымызды ﷺ өзінің қамқорлығына көкесі _____ алды.

— Аллаһтың Елшісі ﷺ анасының құрсағында болған кезінде оның _____ қайтыс болған.

— Пайғамбарымыздың ﷺ анасы қайтыс болғанда ол әлі _____ жасқа жетпеген еді.

- 14) Пайғамбарымыздың ﷺ шайқастары мен әскери жорықтары:

— Барлық шайқастар мен әскери жорықтар Мәдинаға хижра жасалынғаннан кейін орын алған және _____ жыл жалғасқан.

— Оның шайқастары мен әскери жорықтарының саны _____ .

— Пайғамбарымыздың ﷺ өзі қатысқан шайқастардың саны _____ .

— Пайғамбарымыз ﷺ _____ шайқаста жарақат алған.

КІТАПТЫҢ МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
--------------	---

БІРІНШІ ТАРАУ. ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ  ЖЕКЕ ҚАСИЕТТЕРІ МЕН БАСШЫЛЫҒЫ	5
--	---

Пайғамбарымыздың  жеке қасиеттері.....	5
---	---

Пайғамбарымыздың  есімдері	6
---	---

Пайғамбарымыздың  жалпы сипаттамасы.....	8
---	---

Оның сыртқы бейнесі	9
---------------------------	---

Оның ұлы адамгершілік қасиеттері.....	10
---------------------------------------	----

БІРІНШІ ЕМТИХАН.....	16
----------------------	----

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ  БАСШЫЛЫҒЫ	20
--	----

Пайғамбарымыз  қалай киінген және қалай жеп- ішкен	20
--	----

Пайғамбарымыздың  тамақ жеу әдебі	21
--	----

Пайғамбарымыздың  сусын ішу әдебі.....	21
---	----

Пайғамбарымыздың ﷺ үйленуі және әйелдеріне деген қарым-қатынасы	21
Пайғамбарымыздың ﷺ ұйықтау және ұйқыдан тұру әдебі	23
Пайғамбарымыздың ﷺ адамдармен қарым-қатынасы	24
Пайғамбарымыздың ﷺ жүру әдебі	25
Пайғамбарымыздың ﷺ Аллаһты зікір етуі	25
Адамның тума болмысының (фитра) сүннеттері және осыған ілесетін нәрселер.....	26
Пайғамбарымыздың ﷺ сөйлеу әдебі	27
Пайғамбарымыздың ﷺ сөйлеуі, күлуі, жылауы және адамдарға құтпа айтуы	27
ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ﷺ ЕРЕКШЕ ҚАСИЕТТЕРІ	29
ОНЫҢ ﷺ АҒАЙЫН-ТУЫСТАРЫ МЕН ӘЙЕЛДЕРІ	35
ЕКІНШІ ЕМТИХАН.....	41
ЕКІНШІ ТАРАУ. ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ﷺ ӨМІРБАЯНЫ	46
УАХИДІҢ ТҮСЕ БАСТАУЫ.....	50
Оның ﷺ пайғамбарлық миссиясы	50

Уахидің дәрежелері	53
Пайғамбарымызға  түсірілген алғашқы уахи	54
Пайғамбарымыздың  шақыруының реттілік тәртібі.....	54
Оның шақыруының сатылары	55
Пайғамбарымызға  иман келтірген алғашқы адамдар	55
Пайғамбарымыздың  шақыруына жауап беруде өзгелерден озғандардың кейбірі	56
МЕККЕЛІК КЕЗЕҢ.....	57
Көпқұдайшылдардың Пайғамбарымызға  және оның сахабаларына көрсеткен зәбірлері мен қысымдары	57
Эфиопия жеріне көшу	58
Ансарлар және әл-Ғақабадағы ант беру	61
МӘДИНАЛЫҚ КЕЗЕҢ.....	62
Хижраның төртінші жылы	67
Хижраның бесінші жылы	67
Хижраның алтыншы жылы.....	68
Хижраның сегізінші жылы	69

Хижраның тоғызыншы жылы	74
Хижраның оныншы жылы	74
Хижраның он бірінші жылы.....	75
ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ﷺ ЖОРЫҚТАРЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ	76
ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ﷺ АУЫРУЫ ЖӘНЕ ҚАЙТЫС БОЛУЫ	78
ҚОРЫТЫНДЫ	80
ҮШІНШІ ЕМТИХАН.....	81

المُخْتَصَرُ الْمُفِيدُ
لِسِيرَةِ النَّبِيِّ الْمُصْطَفَى ﷺ وَشَمَائِلِهِ
بلغة القازاقية

هيثم بن محمد سرحان

المدرّس بمعهد الحرم بالمسجد النبويّ سابقاً، والمشرف على موقع

التأصيل العلميّ

غفر الله له ولوالديه ولمن أعانه على إخراج هذا الكتاب

<http://www.alsarhaan.com>

islamtorrent@gmail.com

المترجم بلغة القازاقية طلعت أبو علي

الطبعة الأولى

جميع الحقوق محفوظة إلا من أراد طبعه أو ترجمته لتوزيعه مجّاناً بعد مراجعة المؤلف